Ауа райы: ● Қызылорда +24 ● Жаңақорған, Шиелі +25 ● Тереңөзек, Жалағаш +24 ● Қармақшы, Байқоңыр +24 ● Қазалы, Арал +38

# Сыр бойы

85 жыл

13 ҚЫРКҮЙЕК СЕНБІ 2014 жыл №134-135 (18828-18829)

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТІ

www.syrboyi.kz

## ДУШАНБЕ ДЕКЛАРАЦИЯСЫНА ҚОЛ ҚОЙЫЛДЫ



**Кеше Тәжікстан астанасында өткен ШЫҰ кеңесінен кейін ұйымға мүше мемлекеттер басшыларының қатысуымен Душанбе декларациясына қол қойылды. Құжатты Қазақстан, Қырғызстан, Қытай, Өзбекстан, Ресей және Тәжікстан Президенттері рәсімдеді.**

Сондай-ақ 6 елдің Көшбасшылары, атап айтқанда, Нұрсұлтан Назарбаев, Си Цзиньпин, Владимир Путин, Ислам Кәрімов, Алмазбек Атамбаев, және Эмомали Рахмон ШЫҰ-ға мүше мемлекет мәртебесін алу мақсатында өтінім беруші мемлекеттің міндеттемелері туралы үлгілік меморандумның жаңа редакциясын бекіту туралы, ШЫҰ-ға мүше мемлекет мәртебесін беру туралы тәртіпті бекіту туралы, 2025 жылға дейінгі ШЫҰ-ның даму стратегиясының жобасын дайындау туралы, Екінші дүниежүзілік соғыстағы Жеңістің 70 жылдығын мерекелеу туралы, ШЫҰ-ға мүше мемлекеттер басшылары кеңесі шешімдерінің іс-әрекетін тоқтату туралы, ШЫҰ-ның символикасы туралы ережені бекіту туралы, өткен жыл ішіндегі ШЫҰ қызметі жөніндегі ШЫҰ бас хатшысының баяндамасын бекіту туралы, 2013 жылғы ШЫҰ Өңірлік лаңкестікке қарсы құрылымы қызметі жөніндегі баяндамасын бекіту туралы шешімдерге қол қойды.

### СЕМИНАР-КЕҢЕС

**Берекелі күз келіп, ел ырысы – Сыр күрішін жинау науқаны басталып та кетті. Ала жаздай төккен термен өнген алтын дәнді ысырапсыз жинап алу – бүгінгі күннің басты талабы. Осыған орай Жалағаш ауданы "Агро Холдинг" Байқоңыр" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінде облыс әкімі Қырымбек Көшербаевтың қатысуымен күріш жинау жұмыстарына арналған облыстық семинар-кеңес болып өтті.**

## ЕГІН ШАРУАШЫЛЫҒЫН ӘРТАРАПТАНДЫРУ – УАҚЫТ ТАЛАБЫ

Семинар-кеңес жұмысына барлық аудан әкімдері мен аудандық ауыл шаруашылығы бөлімінің басшылары, егін шаруашылығымен айналысатын құрылымдардың басшылары мен мамандары қатысты. Сондай-ақ, ұтымды іс-шараға Астана қаласынан "Ctagro" компаниясының директоры Ж.Смайлов, "СПАзов Арал Агромаш" ЖШС директоры Н.Ителгиев, Шымкент қаласынан "Хазрат-Али-Акбар" ЖШС директоры Б.К.Чуканов, Алматы облысынан "Будан ТШ" ЖШС директоры Е.К.Шакеев, "Қазақ картоп және көкөніс шаруашылығы ҒЗИ" ЖШС директоры Т.Е.Айтбаев, "Агрохимсервис" ЖШС директоры С.Р.Кимр қатысты. Олар семинар жұмысы басталмас бұрын Сыр аймағы ауыл шаруашылығы мамандарына агроөнеркәсіп кешенінің ғылыми жетістіктері және жаңа технологиялар, әртараптандыруға байланысты егіс дақылдарының тұқымдары мен инновациялық жобалар туралы ғылыми кеңестерін берді. Сонымен қатар ауыл шаруашылығы дақылдарының тұқымдары мен минералдық тыңайтқыш және пестицид жеткізушілердің көрмелерімен таныстырды.

Семинар жұмысы қатысушылардың "Агро Холдинг" Байқоңыр" ЖШС-на қарасты Жалағаштағы элеватордың жұмысымен танысудан басталды. Сондай-ақ, олар агроөнеркәсіп кешенінің ғылыми жетістіктерімен де егжей-тегжейлі танысты.

Семинар-кеңес жұмысын облыс әкімі Қ.Көшербаев кіріспе сөзбен ашты.

– Елбасымыздың тікелей тапсырмасына орай ауыл шаруашылығы саласын дамыту, яғни, азық-түлік өнімін молайтып, қауіпсіздігін қамтамасыз ету – бүгінгі күннің басты талабы, – деген облыс әкімі соңғы жылдары егін шаруашылығын дамытуға барынша көңіл бөлініп отырғандығын атап өтті. Сала шаруашылығын әртараптандыруға баса назар аудару қажеттігін ауыл шаруашылығы құрылымдары басшылары мен мамандарының назарына салды.

2-бет

### САПАР

## АПШЕРОНДАҒЫ АҚ ҚАЛА



**Сәл шегініс жасасақ, биылғы көктем айында аймақ басшысы Қырымбек Көшербаевтың төрағалығымен өткен облыстық сәулет-қала құрылысы кеңесінің отырысында Сыр елінің бас шаһары – Қызылорда қаласының таяу болашақтағы сәулеті, әсіресе, бас жоспар бойынша Сырдария өзенінің солтүстік жағалауына салынатын жаңа қаланың архитектуралық келбеті кеңінен талқыланған-ды. Осы жиыннан соң көп ұзамай облыс әкімінің тапсырмасымен қала басшысы Н.Нәлібаев бастаған делегация Әзірбайжанның астанасы – Баку қаласына сапарлап, тәжірибе алмасып келді. Ал, жуырда облыс әкімдігінің қолдауымен аталған елдің астанасына баспасөз туры ұйымдастырылды. Соңғы 10 жылдың бедерінде қарқынмен дамып келе жатқан Баку қаласында болып, туыстас жұрттың бүгінгі тыныс-тіршілігімен танысқан сырбойылық бір топ журналистердің арасында облыстық «Сыр бойы» газетінің тілшісі де болды.**

3-бет

Валюта бағамдары: ● USD 182 ● EUR 235.27 ● RUR 4.86 ● CNY 29.69

“ТОЙТАРЫС – 2014”

# ЖАТТЫҒУ ДЕҢГЕЙІ ЖОҒАРЫ БАҒАЛАНДЫ

**Қызылорда қаласында аумақтық қорғаныс құрылымдарының бір аптаға созылған “Тойтарыс – 2014” арнайы тактикалық оқу-жаттығуы мәреге жетті.**



Қорытынды жиындағы дайындық деңгейіне облыс әкімі Қырымбек Көшербаев баға берді. Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 6 карашадағы “Қазақстан Республикасының аумақтық қорғанысын ұйымдастыру туралы” Жарлығын жүзеге асыру және облыс әкімінің биылғы 3 шілдедегі қаулысына сәйкес ұйымдастырылған жиынның бірінші кезеңінде арнайы белгі бойынша облыс бригадасына тіркелген командалық құрам “Сырдария” оқу-жаттығу лагеріне орналастырылды.

Екінші кезеңде бөлімшелерде ұрыстық үйлестіру мақсатында облыс әкімі аппаратының “Жұмылдыру жұмыстары және дағдарыс жағдайындағы шұғыл талдау орталығы” коммуналдық мемлекеттік мекемесінде аталған бригада басқармасының күшімен қатысушыларға ұрыстық дайындықтан, атап айтқанда, саптық, тактикалық және атыс дайындықтарынан дәрістер өткізілді. Облыс әкімінің аппараты жыл сайын осындай оқу-жаттығуларды облыс орталығы мен барлық аудандарда ұйымдастырып, мыңнан аса әскери міндеттілер мен жергілікті және орталық атқарушы органдардың аумақтық қорғанысқа жауапты тұлғалары дайындықтан өткізілуде.

Кеше үшінші кезеңде барлық қатысушылар Сырдария өзенінен Жаңа көпір нысанына диверсиялық барлау тобының шабуылына тойтарыс беру бойынша бірлескен іс-қимылдарын тәжірибе жағдайында жүзеге асырды. Оқу-жаттығуға аумақтық қорғаныс бригада басқармасы Қызылорда қалалық бірінші аумақтық қорғаныс батальонының командалық құрамы, облыстық ішкі істер департаментінің “Арлан” арнайы мақсаттағы даярлық және жылдам қимылдайтын арнайы жасақтары, ішкі істер және ұлттық қауіпсіздік департаменттерінің жедел тергеу топтары, ҚР Ішкі істер министрлігі ішкі әскерлерінің №5547 әскери бөлімі жауынгерлері мен Қорқыт ата атындағы ҚМУ-дың әскери кафедрасы студенттері, барлығы 679 адам, екі сауытты техника мен бес автокөлік, қоспостан моторлы және ескекті қайықтар, бір тікұшақ тартылды.

Облыс әкімі Қырымбек Көшербаев жаттығудың жоғары деңгейде ұйымдастырылғанын атап өтті. Осы шара барысында шеберліктерімен танылған құрылымдарды Алғыс хатпен марапаттады.

**Бақтыбай БЕРДІБАЕВ.**

# ЕГІН ШАРУАШЫЛЫҒЫН ӘРТАРАПТАНДЫРУ – УАҚЫТ ТАЛАБЫ

Осыған байланысты үстіміздегі жылы егіншілік саласын субсидиялауға республикалық және жергілікті бюджеттен 5,2 млрд. теңге қаржы бөлінгенін және “Агробизнес- 2020” бағдарламасы бойынша шаруашылық



құрылымдарға берілген несиелердің пайыздық ставкаларын субсидиялау, тағы да басқа бағыттар бойынша шаралардың атқарылу барысына тоқталды. Биылғы жылы “Агро Холдинг” Байқоңыр” ЖШС облыс аймағындағы 42 ауыл шаруашылығы құрылымдарымен күріш салысын алдын ала сатып алу жөнінде келісім-шарт жасасқан. Облыс әкімі сөз кезегінде ағымдағы жылы шаруашылықтардың сұранысы бойынша егін егу жұмыстарына 809,9 млн. теңгеге қаржыландырылғанын, ендігі кезекте осы алған несиелерді мерзімінде қайтару қажеттігін баса айтты.

Семинар-кеңесте облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы Д.Әбуов “Облыста егін жинау жұмыстарының барысы” туралы баян етті. Баяндамашы биылғы жылы 161,4 мың гектар жерге егіс егілгенін, оның ішінде Сыр байлығы – күріш дақылының үлесі 81,2 мың гектарға орналастырылғанын айтып, егін шығымдылығының жақсы екендігін назарға салды. Мамандардың пікірі бойынша, ағымдағы жылы алынатын өнім өткен жылғыдан кем болмайтын көрінеді.

– Келесі жылдары, – дейді Д.Әбуов, – күріш дақылының егіс көлемін 72-75 мың гектарға дейін түсіруді жоспарлап отырмыз. Өйткені, егістікті әртараптандыру бағытында басқа дақылдар (бидай, арпа, жүгері, қырыққабат, картоп, т.б.) көлемін көбейтуді қолға алмақпыз. Сырдария өзенінің су ағысы азаяды деген де болжам бар.

Семинар-кеңесте “Егін шаруашылығын әртараптандырудың ғылыми негіздемесі туралы” сөз алған “Қазақ күріш шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты” ЖШС-нің бас директоры С.Өмірзақов Сыр аймағында алдағы жылдары арпа, бидай, мақсары, жүгері дақылдарының егіс көлемі ұлғайтылатындығын айтты. Мысалы, арпа тұқымы 70-75 күнде піседі екен. Ол тұзды топыраққа шыдамды келеді. Бидай, сұлы тұқымдарын да зерттеп, оны өндіріске молырақ енгізуге де ұсыныс жасалуда көрінеді.

“Шаруашылық құрылымдарын ірілендірудің экономикалық тиімділігі туралы” сөз сөйлеген Жалағаш ауданы әкімі Т.Дүйсебаев аудан аумағындағы 61 шаруашылықтың бар-жоғы 100 гектар жерге ғана егіс егіп отырғанын ашық айтты. Оны айтсақ, 30 шаруашылықта бірде-бір ауыл шаруашылығы техникалары жоқ көрінеді. Облыс әкімінің тікелей тапсырмасына сәйкес мұндай шаруашылықтарды ірілендіру қолға алынып жатыр.

1-бет

Семинар-кеңесте мұнан соң сөз алған Сырдария ауданы әкімінің орынбасары Б. Лекеров аудан аумағында күзгі дала жұмыстарын ұйымдастыру туралы айтса, Шиелі ауданындағы “Қаптағай К” ЖШС-нің бас агрономы Ә.Төлеуов облыста күріш дақылдарының арамшөптеріне қарсы күресуде гербицидтер пайдаланудың артықшылықтары туралы, “ҚазАгроҚаржы” АҚ Қызылорда облысы бойынша филиалының директоры О.Қарақожаев облыстағы ауыл шаруашылығы құрылымдарын лизингтік негізде техникалық жарақтандыру туралы кең мағлұмат берді.

Семинар соңында сөз алған облыс әкімінің орынбасары С.Қожаниязов семинар-кеңеске қатысушыларды 2015 жылы өсімдік шаруашылығын субсидиялау нормативтерімен таныстырды. Нақтылай айтар болсақ, биылғы жылы күріштің 1 гектарына төленген субсидия 25 мың теңге болса, келесі жылы 23 мың теңгеге түсіріледі. Неге дейсіздер ғой? Егісті әртараптандыру мақсатында күріш көлемі азаймақ.



Екіншіден, Сырдария өзенінің су ағысы да азаяды деген болжам бар. Ал, дәндік жүгерінің гектарына биылғы жылы 2500 теңге берілсе, келер жылы 28625 теңге, яғни, 11,5 есе артық берілмек. Сондай-ақ, майлы дақылдар, картоп, көкөніс, бақша өнімдері, жоңышқа, сүрлемдік жүгеріге берілетін субсидия көлемі биылғы жылғыдан 6,7 еседен 13,8 есеге дейін көбейтілмек. Демек, ауылшаруашылық құрылымдары егістік алқаптарды әртараптандыруға батыл бетбұрыстар жасауы қажет-ақ.

Семинар-кеңес жұмысын қорытындылаған облыс әкімі Қ.Көшербаев саланы дамыту мақсатында егісті әртараптандыру уақыт талабы екенін алға тартты. Мал азығындық дақылдарды молайту қажет. Субсидия беру жыл сайын жоғарылай бермек, агротехникалық жаңалықтар да жалғасын таба береді.

Облыс әкімінің айтуынша, егінді ору 5-ші қазанда, ал бастыру 10-шы қазанда аяқталмақ. Содан да облыс басшысы шаруашылық басшылары мен мамандарын егінді ысырапсыз, уақытында жинап алуға шақырды.

Семинар-кеңес соңында 42 шаруашылықпен келісім-шарт жасасқан Жалағаш элеваторына астықтың алғашқы қызыл керуені келіп жетті.

**Еркін ӘБІЛ.**
Жалағаш ауданы.

ОТБАСЫ КҮНІ

**Қазақта «Отан отбасынан басталады» деген дана сөз бар. Шынында да, адам баласы үшін отбасы Отаннан кейінгі қасиетті ұғым.**

# ТӘРБИЕЛІ ҰРПАҚ – ТОЗБАС БАЙЛЫҚ

Отбасы – мемлекеттің іргетасы. Туған еліміздің тұғыры мықты болуы үшін оны құрайтын отбасы мықты болуы керек. Өз өмірлерін бір арнаға тоғыстырып, болашаққа бағыт алған отбасының басты қызығы да, қуанышы да – бала. Заманымыздың заңғар жазушысы М. Әуезовтің «Ел боламын десең, бесігінді түзе» деген нақыл сөзінің мәні тереңде жатыр. Болашақ тізгінін ұстайтын, елінің ертеңі болатын, ата-ананың үмітін ақтай білетін дені сау, білімді де саналы жас ұрпақты өсіру өмір талабынан туындап отыр.

Дана халқымыз және «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің» деген. Яғни, ата-ананың әрбір іс-әрекеті, сөз саптауы өз ұрпағына үлкен сабақ. Баланың жаны мен тәнін таза, рухани бай, дені сау етіп өсірумен бірге оны еңбексүйгіштікке, ұлтжандылыққа, адалдыққа баулу. Ел болашағы осы тамаша қасиеттердің бәрін өз ата-анасының бойынан тауып, соған еліктеп өссе, құба-құп. Сонымен қатар әрбір ата-ана өз баласының жүрегіне жол тауып, оның өміріндегі шынайы досына айналса, тер төккен еңбегінің жанғаны.

Баланың жан-жақты тәрбиелі болып өсуіне ата мен әженің ықпалы да зор. Ата – шаңырақтың қорғаны десе, әже – құты мен берекесі. Қазақ даласында әрбір шаңырақ тербелген алтын бесікке баланады. Қазақтың маңдайына Айғаным әже – Шоқанды, Зере әже Абайды сыйлады. Бүгінде тарихта ұлық тұлғалардың ұлы аналарының есімдері талай ғасырға ұласып, ұлағат болып келеді. Қазақ отбасындағы әжелер ролі осылайша айқын отбасылық баға жетпес құндылық ретінде қалыптасты.

Ене – қазақ отбасының діңгегі. Ол айбарлы, ол мейірбан, ол дана, ол ақылгөй. Қазақ тұрмысында ене мен келін келіспеушілігі деген жат ұғым. Бірде-бір тарихнамада немесе әдебиетте ене мен келін арасы қырын суреттелген дерек жоқ.

Қазақ қыздары әке үйінде ерке болғанымен, әжесі мен анасының даналық қасиетін ту етіп, келген босағасының бағын жарқырата білген. Қазақ отбасындағы арнайы жазылып бекітілмеген “заңдары” әке мен ұлдың, шеше мен қыздың, келін мен ененің, келін мен атаның, сондай-ақ тағы да басқа жақындар арасындағы өзара қарым-қатынастары әрқайсысын әдептілікке тәрбиелеудің ерекше үлгісі болған.

Қазақ отбасында жарасымдылықтың тағы бірі – жасы кішісінің үлкеніне “сен” деп сөйлемеуі, алдын кесіп өтпеуі, үлкен тұрып – кішінің, әке тұрып – ұлдың, шеше тұрып қыздың орынсыз сөйлемеуінде деп есептейміз. Қазақ отбасы тәрбиесінде ғасырлар бойы қалыптасқан құндылықтар отбасы мүшелерінің бір-бірінің тәрбиесіне жауапкершілік, борыштылық, адамгершілік сезімдерін туғызған.

Бүгінде жаһандану үдерісіне жұтылып кетпеудің бірден-бір жолы – баға жетпес отбасы құндылықтары шоғын үрлеп, жандандыру. Өкінішке орай, қазіргі заманда отбасының құрылымы өзгеріп, бала саны кеми түсті. Ажырасу дерегінің өсуі көңіл алаңдатады. Отбасы мүшелерінің арасындағы қарым-қатынастарда да өзгерістер пайда болды. Әкеге бағыну, өзінен үлкен апа мен ағаны сыйлау қазақ арасында жоғалмағанмен, әлсірей түсті. Көп жағдайда әке жауапкершілігі азайып, керісінше, аналар отбасы үшін жауапкершілікті өз мойындарына алуда. Осы заманның тағы бір ерекшелігі, толық емес отбасылар мен азаматтық некеге тұрғандар саны көбейіп, жалғызбасты әкелер пайда болып, қайын жұрт, нағашы жұрт деген туыстық байланыстардың маңызы жоғала бастады. Отбасы қарым-қатынасының дұрыс болмауынан шығатын тәрбиедегі кемшіліктерді түзету үшін үлкен қиындықтарды жеңуге тура келеді.

Елбасы Н.Назарбаев өзінің халыққа Жолдауында: “Болашақта біздің еліміздің қандай болатыны бүгінгі күні өз балаларымызды қалай тәрбиелегенімізге тікелей байланысты” деп атап көрсеткені белгілі. Бұл басымдылықтарды еліміздің болашағы қолында тұрған жас ұрпақтың бойына біздер дарыта білуіміз керек.

Халқымыздың “Бақытыңды басқадан емес, баланнан ізде” деген даналығы бар. Кез келген адам өзі жете алмайтын бақыт деген құдіретті сөздің өлшемі өмірінің жалғасы ұрпағының келетініне мән бермеуі мүмкін. Біреу бақытын байлықтан тапқысы келсе, екінші біреу даңқ пен атақтан, мақсат пен қызметтен іздестіреді. Адамға нағыз бақытты тәрбиелі ұрпағы ғана сыйлай алады.

**Рахима АХМЕТОВА,**
**облыс әкімі аппаратының қоғамдық келісім орталығы мемлекеттік мекемесінің директоры.**

# АПШЕРОНДАҒЫ АҚ ҚАЛА

## ӘЗІРБАЙЖАН – ШЫҒЫС ПЕН БАТЫСТЫҢ ҚАҚПАСЫ

Қорқыт ата әуежайынан көкке көтерілген ұшақ ақшамда Алматыға қонды. Ертесіне Алатау асып, қарт Каспийді көктеп, Кавказға жеткенде түс ауып кеткен еді. Ұшақта отырып, шаһар төбесінен қарағанда қиыр шетін көру мүмкін емес. Ресми статистика елдің астанасында 4 миллионнан астам халық тұратынын айтады.

Баку қаласының аумағы – 2,430 шаршы шақырымды құрайды. Климаты – субтропикалық яғни, қысы жайлы. Жалпы, бұл елдегі халықтың саны 9,3 млн.-ға жуық. Әзірбайжан азаттық алғаннан кейін де Баку қаласы бұрынғы әкімшілік бөлінісін сақтап қалды. Астана 11 қалалық ауданнан тұрады. Астаналық тұрғындарының 95 пайызы әзірбайжандар. Ел тұрғындардың тең жартысынан астамы 23 аудан мен елді мекендерде тұрады. Бұл 5 млн.-ға жуық халықтың кәсібі ауыл шаруашылығы саласының төңірегінде деген сөз. Әзірбайжан мен біздің елдің ең үлкен ұқсастығы – екі ел де ірі мұнай және мұнай өнімдерін экспорттаушылар болып табылады. Ескеретіні, қазақстандық «қара алтынның» экспорттағы үлесі 55-60 пайыздан аспайды. Әзірбайжан болса, осы мұнайдың арқасында күнелтіп отырған ел. Сыртқы саудаға шығаратын өнімдерінің 94 пайызын осы мұнай құрайды.

Қызылордалық делегацияны еліміздің Әзірбайжан Республикасындағы Төтенше және өкілетті елшісі Амангелді Жұмабаев қабылдады.

– Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаев Әзірбайжан мемлекетімен қарым-қатынасты дамытуға әрдайым айрықша маңыз береді. Өйткені, біз бұл елмен жақын көрші ғана емес, туыстас халықпыз, түбі бір түркі жұртының ұрпағымыз. Сондықтан да бұрынғы достық әрі әріптестік қатынасымыз кейінгі жылдары туыстық сипат алып келеді. Ал, Баку қаласы ХХ ғасырдың соңындағы экономикалық дағдарыстан кейін дамудың жаңа қарқынды жолына түсті. Бұл елде біздегідей бірнеше мемлекеттік бағдарлама қолға алынған, – дейді елші мырза.

Әлемде 30-ға жуық түркі тектес халықтар болса, соның 7-і ғана тәуелсіздік алған. Түркілердің достығына дәнекер болатын бірнеше ірі ұйымдар бар. Өткен жылы Әзірбайжанның Габала қаласында түркітілдес халықтардың саммиті өтті. Ал, Сыр бойында мәңгілікке байыз тапқан түркі дүниесінің ұлы ойшылы Қорқыт атаның Ватикан мен Дрезденнен табылған «Китаби деде Коркыт» атты дастаны қазақ пен әзірбайжанға ортақ мұра. Жалпы, түркі мәдениетінің негізі Қазақ жерінде қаланғанын әзірбайжан мен түрік ғалымдары жиі айтып жүр.

Біз көршілес елдермен экономикалық һәм мәдени ынтымақтастықта дамуға мүдделіміз. Сондықтан да суда-саттықтың көлемі жыл сайын артып келеді. Территориясының 5 пайызға жуығы Европада жатқан Әзірбайжан әсіресе, Түркиямен байланысты дамытқан ел. Кезінде осы елдің үшінші Президенті, жалпыұлттық батыры Г.Әлиевтің «Екі мемлекет, бір халық» деген сөзін бүгінде әзірбайжандық әріптестеріміз нақыл ретінде айтып отырады.

Елші А.Жұмабаевтың айтуынша, экономикалық жағынан жақын болу екі жақ үшін де өте маңызды. Әзірбайжан үшін Қазақстан транзитті ел болып табылады. Шығыстан Ақтау портына жеткен жүк Бакуға бет түзеп, әрі қарай Кавказ бен Европа елдеріне тұмсық тірейді. Мемлекет басшылары арасында мұндай келісім бар. Бұған қоса, жуырда Қазақстан, Әзірбайжан, Грузия және Түркия мемлекет басшыларының кездесуінде үкіметаралық келісімге қол қойылды. Алдағы жылдан бастап 4 елдің аумағындағы темір жол арқылы Шығыстан шыққан тауар Европаға бұрынғы Жібек жолының бойымен тасымалданатын болады. Жалпы, екі ел мемлекет басшылары бұған дейін 10 келісім-шарт жасасқан. Қазақстаннан Әзірбайжанға негізінен астық экспортталады.

1-бет

Олардың 300-ден астам компаниясы біздің елдің нарығында жұмыс атқаруда. Қазір әзірбайжандық «Азер-Су» холдингі Ақтау қаласында сыйымдылығы 10 мың тонналық логистикалық терминал салып жатыр. Жобаның құны – 20 миллион еуро. Қойма құрылысы 6 айдан соң, яғни 2015 жылдың басында аяқталады. Сол кезде Әзірбайжаннан Каспий теңізі арқылы еліміздің батыс аймақтарына жеміс-жидек тасымалданады деп күтілуде.

Орайлы тұста айта кетейік, 2002 жылы Баку қаласына тарихи сапар



жасаған Рим папасы Иоанн Павел II Әзірбайжанды «Шығыс пен Батыстың ортасындағы қақпа және толеранттылықтың үлгісі» деп бағалаған.

## КАВКАЗ «ПАРИЖІНДЕГІ» БАЙЫРҒЫ ЖӘДІГЕРЛЕР

Баку туралы сөз қозғалғанда оның тарихи ескерткіштерге бай қала екендігі айтылады. Бір қызығы, осы жолдардың авторына кеңестік кезеңде Кавказдағы Ереван, Тбилиси, Махачкала сынды астаналардың, оның ішінде бүгін тақырыпқа тамызық болып отырған Баку қаласын көрудің сәті түскен еді. Алайда, бүгінгі қаланы осыдан ширек ғасыр бұрынғы шаһармен салыстыра алмайсыз. Бакуға жолы түскен жанның бәрі осынау көзтартар көрікті орындарға бай әсем қаламен 3-4 күнде түгел танысып шыға алмасын өкінішпен жеткізер еді. Өйткені, бүгінгі Баку – түбі бір туыстас жұрттың астанасы ғана емес, сонымен бірге Каспий теңізіне 20 шақырым сұғына енген Апшерон түбегіндегі және бүкіл Кавказ аумағындағы ең ірі мегаполис.

Қаланың көрікті жерлерін аралап, танысқанымызда астананың сәулетіне сәулет қосатын жаңа ғимараттардың көптеп салынып жатқанына куә болдық. Мемлекеттің кейінгі кезде туризмді дамытуға ерекше көңіл бөле бастағанын пайымдадық. Өткен жылы Минскіде өткен мемлекет басшыларының кездесуінде 2014 жылды «Туризм жылы» деп жариялағаны белгілі. Биылғы жылдың басында ТМД-ға мүше елдердің Парламентаралық ассамблеясы «2014 жыл – туризм жылы» аясында Достастық елдеріндегі ең маңызды әрі көрікті жерлердің тізімін жариялаған еді. Осы «Достастық інжулері» атты туристік тізімге елордамыз Астана қаласындағы «Дөңгелек алаң» енсе, Әзірбайжаннан Баку теңіз жағалауы желегі кіріпті. Қаланы аралауды дәл осы теңіз жағалауы желегінен бастадық. Каспий теңізі жағалауындағы мемлекеттік ту алаңы, оның жанындағы Хрусталь сарай секілді Баку қаласының бірнеше көрікті орындарында болып, мемлекеттік университетке ат басын тіредік. Айта кетерлігі, бұл елде білім күні 15 қыркүйектен басталады, сондықтан астаналық студенттер мен оқушылар жазғы демалыстан әлі оралмаған. Бакуда 30-дан астам ЖОО мен осынша мұражайлар, 7 театр, мемлекеттік филармония, опера және балет театры, киностудия, кинотеатр



мен кітапханалар бар. Ал, 1967 жылы ашылған Әзірбайжан мемлекеттік халықтық қолданбалы өнер мен кілем мұражайы әлемдегі тұңғыш кілем мұражайы болып есептелсе, мұндағы миниатюралық кітаптар мұражайы жер бетіндегі жалғыз мұражай болып саналады.

Баку қаласы жоғарыда атап өткеніміздей, алып құрылыс алаңына айналған. Әзірбайжан елі «қара алтынды» экспорттаудан түсетін мол қаржыны қаланы көркейтіп, төбесі көкпен таласқан биік ғимараттар салуға жұмсап жатыр. Қала құрылысын дамытуға арналған ауқымды сәулеттік жобалардың ішінде «Баку – ақ қала» жобасының орны айрықша. Жоба бойынша, бұрын «қара қала» атанған астананың шығыс бөлігін қайта жаңғырту және дамыту қолға алынып отыр. Баку қаласын дамытудың жаңа бас жоспары 2030 жылға дейінгі аралықты қамтиды. Осы орайда, мұнай экспорты арқылы мол табысқа кенеліп отырған Әзірбайжан елінің бас шаһары – Баку қаласының дамуына Дүниежүзілік Банктің қаражаты тартылғанын да айта кетейік.

Жалпы, Бакудың бүгінге дейінгі тарихы сан мыңдаған жылдарды қамтиды. Ең ғажабы – сол ғасырлар бойы жалғасып келе жатқан қала құрылысының тарихи келбеті мұнда әлі сақтаулы. Байырғы жәдігерлерімен мақтана алатын ескі шаһар уақыт өте келе жаңа құрылыстармен толығып отырған. Осылайша, қаланың тарихи орталығына іргелесе салынған осы заманның зәулім ғимараттары бүгінде шеті-шегі көрінбес алып шаһардың келісті келбетін қалыптастырған.

Бакуда халықаралық деңгейдегі саяси-экономикалық форумдар, мәдени шаралар, шоу-концерттер мен батыс суретшілерінің, мүсіншілерінің көрме-галереялары жиі өтіп тұрады. Мәселен, «Еуробайқау-2012» ән додасының кезекті елу жетінші байқауы теңіз жағалауындағы «Баку хрусталь сарайында» өткенінен көзіқарақты жұрт хабардар. Осы ән байқауы үшін арнайы бой көтерген ғажайып ғимаратта маңызды мәдени шаралар өтеді екен. Әрине, мұндай мүмкіндікке кез келген өнерпаз ие бола алмайды. Өйткені, сарайды жалдау құны өте жоғары көрінеді.

Сонымен бірге, Баку қаласы спорттық ойындар өткізумен де танымал. 2012 жылы 17 жасқа дейінгі қыздар арасындағы футболдан әлем біріншілігі аталған елдің астанасында ұйымдастырылғаны мәлім. Келер жылы мұнда Европа елдерінің бірінші олимпиадалық ойындары өтеді. Қазір аталған спорт додасына арналған үлкен Олимпиада сарайы, спортшылар мен жанкүйерлерге арналған көпқабатты тұрғын үйлер кешені салынуда. Мұндағы ғимараттардың қасбеті ғана емес, ескісі бар, жаңа бой көтеріп жатқаны бар, бәрі-бәрі түгелге жуық Апшерон түбегіндегі кеніштерде өндірілетін табиғи төзімді тас – аглаймен қапталады. Қала құрылысын дамытып, ғимараттарды безендіруде тамаша архитектуралық құрылыс материалы болып саналатын аглай тасын қолданысқа енгеніне бірнеше ғасырдан асыпты. Жерлікті билік құнды құрылыс материалын экспортқа шығаруға тыйым салған. Бұл, аглай ұлттық байлық есебінде көздің қарашығындай сақталады деген сөз.

Әзірбайжан тілінде «Ичери-Шехер», бізше ескі шаһар, 2000 жылы ЮНЕСКО-ның әлемдік мәдени мұралар тізіміне енген Ширваншахтар сарайы секілді көне ғимараттар кешені астананың қақ ортасына орын тепкен. «Қыз қаласы» деп аталатын ескі мұнара да осында, теңіз жағалауынан алыс емес. Ғимарат XV ғасырдан да бұрын салынған. Мұнда келген өзге ел азаматтарының қай-қайсысы да қала орталығынан орын тепкен осы ескі шаһар мен шахтар сарайына бас сұқпай кетпейді. Бұлардағы көне құрылыстар уақытылы жөндеуден өткізіліп, жаңартылып, жарықтандырылып, осы заманғы озық технологиямен қамтамасыз етілген. Яғни, елге келген қонақтар мен туристерге байырғы жәдігерлермен мұқият танысуға барлық жағдай жасалған. Тіпті, ежелгі христиан мәдениетінің ескерткіштері мен зороастризмге қатысты қоныс-мекендерін (отқа табынушылардың «Атешгях» атты храмын) мемлекет сол күйінде сақтап отыр. Бұл әзірбайжан ағайындардың көне жәдігерлерге байыпты көзқараспен қарап қана қоймай, туризмді дамыту арқылы онан пайда табуға деген ниетін білдірсе керек. Бір сөзбен айтқанда, мұнда Шығыстың үлгісі мен Европаның классикалық дәстүрі берік жымдасқан.

*Қарт Каспийдің арғы жағалауына жасаған саяхатымыз туралы газетіміздің алдағы нөмірлерінен оқитын боласыздар.*

**Дәуіржан ЕЛУБАЕВ,**
**Бағдат ЕСЖАНОВ** (сурет).
Қызылорда-Алматы-Баку-Алматы-Қызылорда.

# АСТАНА АКАДЕМТЕАТРЫ «АНА – ЖЕР-АНАНЫ» САХНАЛАДЫ

Қызылордада қазақ театр өнерінің ұлы тұлғасы Сәбира Майқанованың 100 жылдығына арналған театр фестивалі жалғасуда. Фестивальді Қызылорда облыстық Н.Бекежанов атындағы драма театры М.Әуезовтің «Қарагөз» спектаклімен ашты. Ал екінші күні Қ.Қуанышбаев атындағы мемлекеттік академиялық қазақ музыкалық драма театры Ш.Айтматовтың «Ана–Жер-ана» трагедиясын сахналады.

«Ана–Жер-анадағы» Толғанай образы Сәбира Майқанова шығармашылығының шырқау биігі болғаны белгілі. «Адамзаттың Айтматовы» атанған ұлы жазушының соғыс жылдарындағы қасіретті кезеңді суреттейтін трагедиялық драмасы әйгілі режиссер Әзірбайжан Мәмбетовтің сахналауымен, басты рольді Сәбира Майқанованың сомдауымен қазақ театрының классикасына айналған еді. Фестивальда режиссер Бекболат Құрманғожаев қойған «Ана–Жер-ананың» жаңғырғыртылған нұсқасы көрермен назарына ұсынылды. Басты рольді Майқанова мектебінен тәлім алған Қазақстанның Халық артисі Гүлжан Әспетова сомдады.

ҚР халық артисі Есмұқан Обаев «Сәбира апамыз осы образы арқылы актерлік қабілетінің, актерлік диапозонының, философиялық тереңдегінің мүмкіндігін көрсеткені әлі есімізде. Кеңес одағы көлеміндегі театрлардың байқауында айрықша аталғаны сөзімізге дәлел. «Жер-Ана айтыңызшы, соғыс деген не? Қашан бітеді бұл соғыс? Неге адам бақытсыз? Неге осындай күндерде менің Қасымым жоқ?» – деп күңіренгенде, сай-сүйегің сырқырайды. «Адам қайтсе соғыссыз өмір сүре алады?» деген ауыр сұрақты көрерменге қойғанда, ойдың терең шыңырауына батпай тұра алмайсыз. Бұл роль актрисаның ұзақ жылдық актерлік еңбегінің жемісі, ізденісінің нәтижесі еді», – деген бір сұхбатында.



Біздің ұрпақ Сәбира апа сомдаған Толғанайды осындай естеліктер мен сұхбаттар арқылы оқып білдік. Дегенмен, Гүлжан Әспетованың Толғанайын көру бақыты бұйырды. «Жер-ана мен Ананың қасіретін сұм соғыстың құқайын көрген немесе балалығын соғыс ұрлаған буын ғана түсінеді» деген асығыстау айтылған пікір сияқты. Залдағы көрерменнің ықыласы, актерларға құрметі соны ұқтырды.

Актерлардың рольдерді орындау шеберлігіне баға беретін маман емеспін. Көрермен ретінде айтарым, сахнада азаматы мен перзенттерін соғыс жалмаса да, келер күннен үмітін үзбеген Ана бейнесі ең алдымен адамзатты бір-бірін бауыр тұтуға үндейді. Қайғыдан белі қайысқанмен, тағдырға қарсы тұрған қайсарлығы басқа түскен ауыртпалықты көтере алмай морт сынатындарға үлгі. Толғанай мен Әлиманның қасіреті арқылы соғыс жылдарындағы ел басына түскен зұлматты суреттеген шығарма бейбіт күннің берекесін бағалауға шақырады. Өнердің ең басты миссиясы адам баласын ізгілікке, бауырмалдылыққа баулу емес пе?

Бүгінде мылтық даусын естімеген бірнеше буын жаңарғанымен, Жер-ананың төсі соғыс қасіретінен арылған жоқ. Күн сайын әлемнің әр қиырынан бейбіт тұрғындарды, ана мен баланы зар еңіреткен соғыс хабары естіліп жатады. Спектакльде Толғанай ана «Баласын зарыға күткен ананың ең соңғысы мен болайын» деп тілейді. Тілегі қабыл болсын.

*Гүлжазира ЖАЛҒАСОВА.*

## СӘБИРА МАЙҚАНОВАНЫҢ ТУҒАНЫНА – 100 ЖЫЛ



**Қазақ сахна өнерінің қара шаңырағы – Мұхтар Әуезов атындағы академиялық драма театры әрбір артист үшін үлкен тәрбие мектебі екені белгілі. Осынау киелі өнер ордасы – "әкем театрдың" анасы атанған КСРО және Қазақстанның халық артисі, Мемлекеттік сыйлықтың иегері Сәбира Майқанова апамыздың туғанына бір ғасыр толып отыр.**

# СЕКСЕУІЛ ГҮЛДЕГЕН КЕЗ ЕСІМНЕН КЕТПЕЙДІ

1914 жылдың алғашқы күнінде Сырдария ауданының Айдарлы ауылында қарапайым отбасында дүние есігін ашқан ол қаршадайынан өнерге бейім болып өседі. Алғашында Алматы кооператив техникумында білімін ұштаған бойжеткен он сегіз жасында театрға қабылданады. Тума талант иесінің одан әргі шығармашылық жолы осы киелі шаңырақтың тарихымен, оның өсу жолымен тығыз байланысты болды. Оның театр сахнасында ойнаған тұңғыш ролі Бейімбет Майлиннің "Майдан" драмасындағы Алтынай бейнесі.

Мәңгі өлмес өнер иесі 1936 және 1958 жылдары Мәскеу қаласында өткен қазақ әдебиеті мен өнерінің онкүндігіне қатысып,1958 жылы Қазақстанның, ал 1970 жылы Кеңес Одағының халық артисі атанды.

Қанша айтқанмен, театрдан гөрі киноның аудиториясы ауқымды екені анық. Ол әрі танымалдылыққа жол ашады. Ол таспа боп тарихта қалады. Театр сахнасында түгенше актриса болды дейміз, бірақ оны көрермен есінен шығарып алады. Ал кинода ол актрисаны ұмыту мүмкін емес. Өйткені, кино – мәңгілік. Сол айтпақшы, Сәбира апамыз бірнеше киноға да түскен екен. Санамалар болсақ, 1954 жылы "Махаббат дастаны" фильмінде – Мақпал, 1955 жылы "Қыз бен жігітте" – Гүлбарша, 1957 жылы "Біз осында тұрамыз" фильмінде – Торғын, 1961жылы "Құйма" көркем фильмінде Дәметкен рөлінде ойнаған.

Сонау тоқсаныншы жылдардың бас кезінде Мұхтар Әуезов атындағы академиялық драма театры гастрольдік сапармен Қызылорда қаласында болды. Мен ол кезде облыстық радиода қызмет жасайтынмын. Бас редактор Есенкелді Шілдебаевтың ұйғарымымен өнер ұжымы жайлы хабарлар ұйымдастыру маған жүктелді.

Театрдың бас режиссері Әзірбайжан Мәмбетов, сахна саңлақтары Асанәлі Әшімов, Жұмабай Медетбаев, Торғын Тасыбекова, Рахиля Машурова және басқаларымен циклды хабарлар ұйымдастырылып, эфирден берілді. Сондай хабардың бірі Сәбира апамен болып еді.

Радионың бір ерекшелігі – эфирге қатысушы қонақтың таспаға жазылған сөздері үтір, нүктесіне дейін қағазға түсірілетін. Сәбира апаның сөздерін тексеріп отырған бас редактор: Жиде гүлдеген десең дұрыс, сексеуіл гүлдеген дегенді қайдан шығардың, – деп сызып ала жөнелді.

– Оу, Ес-аға! Театрдың анасы атанған апамыздың сөзін қалай қысқартасыз? Сексеннің сеңгіріндегі жан өтірік айтпайтын шығар. Бүгін болмаса ертең берейік. Сізді сахнагермен кездестірейін, – деп мен де бой бермедім.

Тума таланттың сондағы сөзі мынау еді: – Табаныма шөңге кіргеніне қарамай, май топырақты борпылдатып ойнаған балалық шағым әлі күнге көз алдымда. Әсіресе, сексеуіл гүл ашқан кездегі хош иісін айтсайшы, – деген-ді.

Сонымен облыстық ауыл шаруашылығы басқармасына телефон соғып, тиісті мамандардан бас редактор сенімсіздік білдірген сөздің толыққанды жауабын алдық.

Сөйтсек, сексеуіл гүлдеген кездегі хош иісінің жанында жидеңіз жолда қалады екен. Оны кім білген. Мамандардың пікірінен кейін Сәбира апаның сөзі толық күйінде тыңдарман қауымға жеткізіліп еді.

Жұмысын тоқтатқанына он жылдан асқан радио қорында сахна өнері корифейлерінің сол сөздері сақталған-сақталмағанына көз жеткізе алмаймын.

"Әкем театрдың" анасы атанған сахна саңлағы, жерлесіміз Сәбира Майқанова 1995 жылы 14 қаңтарда сексен екі жасқа қараған шағында Алматы қаласында дүние салды. Бүгінде Қызылорда қаласына қарасты Тасбөгет кентінің Мәдениет үйі Сәбира Майқанованың есімімен аталады.

**Бақтыбай БЕРДІБАЕВ.**

# "ТҮГІСКЕННІҢ" КҮРІШІ

Сәрсенбінің сәтті күні Аққорған ауылдық округіндегі «Түгіскен ТШ» серіктестігі күріш ору науқанын бастады. Сыр маржанын жинауға арналған кеңесте аудан әкімі С.Тәуіпбаев, Ы.Жақаев атындағы қазақ күріш шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының директоры С.Өмірзақов, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы З.Шермағанбетов диқаншылар қауымына мол өнім тілеп, салтанатты түрде қызыл лентаны қиды.

– Біздің шаруашылықтың негізгі бағыты – ауылшаруашылық дақылдарының бірегей, элиталық және жоғары репродукциялық тұқымдарын көбейту. Биылғы жылы 566 га күріш, 354 га күздік бидай, 354 га жаңа жоңышқа, 281 га егіс алқабына ескі жоңышқа ектік. Егін орағына 10 трактор, 3 жүк көлігі, 10 дана астық комбайны сақадай сай тұр. Жуырда ғана 25 млн. теңгеге Қостанайда құрастырылған «Есіл-760» комбайнын сатып алдық. Ендігі мақсат диқаншылардың маңдай терімен еккен егінін шашпай-төкпей жинап алу, – дейді серіктестік директоры Н.Рүстемов өз сөзінде.

Кеңес барысында облыс орталығынан келген сала мамандары жергілікті күріш егісімен айналысатын ауыл әкімдерімен өзара пікір алмасып, тәжірибелерімен бөлісті.

**Н.ЕЛТАЙ.**

## ЕГІН ОРАҒЫ – 2014

**Қармақшы ауданына қарасты егін шаруашылығы құрылымдары биылғы жылы 21387 гектар жерге егіс дақылдарын еккен. Сыр елінің басты байлығы – күріш 14321 гектар жерге орналастырылған. Айта кету керек, аудандағы жалпы егіс көлемі өткен жылмен салыстырғанда 4,8 пайызға артып отыр.**

# ЕГІНЖАЙДАН ЕСКЕН ЛЕП

Ауылшаруашылығы өнімдерін өндірушілерге мемлекет тарапынан 312,6 млн. теңге субсидия да берілген. Мемлекет тарапынан жасалып жатқан қолдауға қайтарым жасауды мұрат тұтқан егіншілер ауыл шаруашылығы дақылдарын мезгілінде ысырапсыз жинап алуға аса зор дайындықпен кірісті.

Биылғы жылы егін орағына 179 астық жинайтын жаткалар мен комбайндар сақадай сай әзірленген. Сондай-ақ, 186 трактор, 60 автокөлік, 160 трактор тіркемелері де жөндеуден өткізіліп, дайындық сапында тұр. Шаруашылық қырмандары мен қоймалары да астық қабылдауға әзір. Орақ науқанына байланысты қажетті 2160 тонна дизель отынының 114 тоннасы да жеткізіліп қойылған. Жеткізуші "Нефть-транс Қызылорда" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі 432 тонна автокөлік бензин де жеткізіп берген.

Қармақшылықтардың алғашқы орақтары ІІІ Интернационал ауылындағы "Достық-Жер МК" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Әлімжан Пұсырманов басқаратын №1 егіс бригадасының егіс алқабына түсті. Салтанатты шараға аудан әкімі Нәжмадин Шамұратов қатысып, егінші-механизаторларға толағай табыс тіледі.

– Биылғы жылы, – дейді "Жаңажол" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі төрағасы, облыстық мәслихат депутаты Қылышбек Әбішев, – біздің шаруашылық 3500 гектар жерге Сыр салысын екті. Айтайын, бұрын-соңды мұндай көлем болмаған. Алла жазса, әр гектардан 60 центнерден Сыр маржанын жинасақ, қамбаға 210000 центнер алтын астық құйып аламыз ба деген болжам бар. Шаруашылықтың техникалық паркін толықтай жаңарттық. Биылғы жылдың өзінде жаңадан 4 комбайн, 2 жатка алдық. Біз өзіміздің егінді жинап алу ғана емес, өзге де шаруашылықтарға көмек қолдарымызды созуға әзірміз.

Иә, Қармақшы ауданына қарасты егін шаруашылықтарының қай-қайсысы болмасын егін жинау науқанына толықтай әзірлікпен келіп, ел несібесін молайтуға, яғни, ақ күрішке орақ салуға бел буа, білек түре кірісіп жатыр. Кең дала төскейі еңбек дүбіріне бөленген.

**Е.АҚҚАЛИҰЛЫ.**
Қармақшы ауданы.

# БАРСАКЕЛМЕС ҚОРЫҒЫНЫҢ БИОАЛУАНДЫҒЫН САҚТАУ

Жақсыдан – ұлағат. Аралдағы шарадан осындай ой түйдік. Анығында «Барсакелмес» мемлекеттік табиғи қорығының 75 жылдығына орай «Арал өңірі мен Барсакелмес қорығының биоалуантүрлілігін сақтау және олардың тұрақты дамуының перспективалары» тақырыбындағы халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция мағыналығымен ерекшеленді. Жиынды ұйымдастырушылардың мейлінше ізденіп, біршама тер төккендері байқалып-ақ тұрды. Оған қоса, мәдениет үйінің ғимараты да тақырыпқа сай үйлесімді безендіріліпті.

Арал ауданының әкімі Абзал Мұхимов конференция қонақтарын бүгінгі мерейлі күнмен құттықтап, қоршаған орта жанашырларына еңбегіне сәттілік тіледі. Сондай-ақ қоғам қайраткері Құдайберген Саржанов, Мемлекетаралық су шаруашылығын үйлестіру комиссиясының ғылыми-ақпараттық орталығы Қазақ филиалының директоры Нариман Қыпшақбаев өздерінің сөзінде «Барсакелмес» қорығының мәселесі, Арал теңізіндегі құстар дүниесін қорғауды ғылыми тұрғыда шешу жолдарына тоқталды. Мұнан соң облыстық аумақтық Орман және аңшылық шаруашылығы инспекциясы басшысының орынбасары И.Әбдіразақов құттықтау хатын тапсырды. ҚР ҰҒА корреспондент мүшесі, «ТЕРРА» ҚЗ және ҒАЖ орталығы» ЖШС Ғылым департаментінің директоры Наталья Огарь Барсакелмес қорығының аумағын ұлғайту жолымен Кіші Арал теңізіндегі сулы-батпақты өңірді сақтау туралы өзекті пікірін ортаға салды. Болон университетінің профессоры, италиялық ғалым Люги Кантелли «Орал өзенінің құяр сағасындағы «Ақжайық» биосфералық резерватының негізі ретінде биологиялық құндылықтар және жергілікті қоғамдастықтарды бірігіп басқаруға белсенді тарту», Аралды құтқару қорының атқарушы директоры Медет Оспанов «Қорық аумағының кеңеюі: Барсакелмес қорығының аумағында биосфералық аймақ құру және зоналау. Кластерлік учаскелерге бөлу» тақырыбында баяндамалар жасады.

Конференция бірнеше сессия бойынша көрініс тапты. Сонымен бірге, Биоалуантүрлілік бойынша жобалардың ұлттық координаторы Талғат Кертешов «Экотуризмді дамыту, ресурстарды тұрақты пайдалану механизмдері және жергілікті халықпен өзара байланыс» аталымымен Арал өңірінде қолөнер кәсібін дамыту, арнайы кәде сыйлықтар шығаруға арналған тәжірибелік тренингтер өткізді. «Барсакелмес» мемлекеттік табиғи қорығының директоры З.Әлімбетова аймақ басшысының республикамыздағы үлкен қорықтардың бірі болып саналатын «Барсакелмес» қорығын ерекше қорғалатын аймаққа айналдыру туралы ұсынысын қолдап, жоба құжаттарын реттеуді тапсырғанын жеткізді. Конфереция жұмысы үш күнге созылып, меймандар Көкарал бөгеті мен «Барсакелместе» болып, қорықтың тыныс-тіршілігімен танысады деп күтілуде.

**Жұмабек ТАБЫНБАЕВ.**
Арал ауданы.

# ТАРИХТЫ ҰЛЫҚТАУ – ҰРПАҚ ПАРЫЗЫ



Қазақ халқы мыңдаған жылдар бойы тәуелсіздігін аңсады. Хан да, қара да, таңдайынан бал тамған шешен де, қара қылды қақ жара төрелік айтқан көсем де, баһадүр батыр да қазақтың бостандығы үшін күресті, тәңірден елінің тәуелсіздігін тіледі.

Ата-бабамыз көптен күткен шуақты күн де туды! Қазақ халқы өмір бойы аңсаған тәуелсіздікке қол жеткізді. Тәуелсіздігіміз оңайлықпен келген жоқ. Бабаларымыздың төккен тері, аққан қанының өтеуімен қол жетті. Өткеніміз бен бүгінімізді жалғастырып тұрған алтын көпір іспетті қастерлі тарихымызды ұлықтау – әрқайсымыздың міндетіміз.

Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен елімізде іске асырылып жатқан «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасының аясында ерекше маңызы бар тарихи, мәдени және сәулет ескерткіштерін қалпына келтіру, ұлы тұлғалар есімін жаңғырту барысында қолға алынған істер мәресіне жетті. Ел тірегі болған ата-бабаларымыздың атын жаңғыртып, баба рухына тағзым ету, оларға құрмет көрсету, қоймаған. Мұның астарында ата-бабаға деген шынайы құрмет, бауырмалдық, туыстық және қандастыққа негізделген абзал сезімдер жатыр. Мұндай зерделікке шақырудың көптеген артықшылықтары баршылық.

Шежіре – ата-баба жылнамасын біршама анықтап беретін тарихи дерек. Кез келген шежірені алып қарасаңыз, XV ғасырға барып тіреледі. Одан әрі аңыз-әңгімелерге кетеді. Қазақтың ата-бабасындағы ру-тайпалар түркітілдес халықтардың барлығында да кездеседі.

Орыс отарлауы орныққанға дейін қазақтардың өздерінің есімдеріне ру-тайпа аттарын тіркеп айтқаны, әкелерінің есімдерінің орнына дәл осы рулар мен тайпалар аттары жазылғаны (қоңырат Алатау, шақшақ Бөгенбей, шапырашты Қарасай,таракты Байқозы, албан Райымбек, Есентемір Бөкен би және т.б.) қазақ тарихынан хабары бар кісілерге белгілі. Бұл туралы «Оренбургский листок» басылымының 1880 жылғы 10 тамыздағы 33-нөмірінде этнограф Р.Игнатьев арнайы жазған еді.

олардың өнегесін кейінгі жас ұрпаққа паш ету мақсатында бұған дейін де біраз шара атқарылған еді. Айтар болсақ, 2011 жылы Есентемір ұрпақтары Темір баба рухына ас беріп, «Темір тапқан байтақ» белгісін қойып, Атырау облысының Жылыой ауданында ұлағатты шара ұйымдастырды.

Одан кейін, былтыр 15 қыркүйекте Атырау облысының, Қызылқоға ауданының Қарабау жерінде «Тарихи тұлға, дана би, дәулескер шешен Бөкен би» аталатын шара өткізіп, Бөкен би бабамыздың басына барып, дұға оқып, рухына арнап ас берген едік. Сол шарамызда да алыс-жақыннан жиналған ағайынның басы бірігіп, өткен тарихты бүгінгі ұрпақтың санасына сіңіру бағытында тамаша бір шарапатты шара өткен еді. Сол кезде қызылордалық ағайындар Қабыш Пірімжанов, Нұрабай Жақұлов, Әлібек Тілегенов, Әбіласан Баймақановтар. «Батыс Еуропа –Батыс Қытай» автобан жолының бойында Есентемір ағайындардың көп шоғырланған Шаған елді мекені жанынан «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында халқын аштықтан, жұттан, жаугершіліктен аман алып шыққан Есентемір бабамызға белгі қою мәселесі туралы ұсыныс айтқан еді. Қоғамдық кор куана қолдап, осы идеяны жүзеге асыру үшін қордан 2012 жылы – 700 мың, 2013 жылы 900 мың теңге мөлшерінде қаржылай көмек көрсетіп, қаражат бөлді. Бұл бастама жеке ағайындардан да қолдау тауып, Роберт Бердіғожин, Балтабек Қуандықов, Әлібек Тілегенов, Қылышбек Қуандықов, Бүркіт Досқарин, Абай Әбдіраманұлы, Бердібек Қадіров, Марат Абдушахманов, Жеңісбек Сыздықов, Бақдәулет Искаков, Ибрагим Әбубәкіров, Теміркан Әлімқұлов, Әділхан Маштаев сынды азаматтар да материалдық көмек көрсетіп, өз үлестерін қосты. Соның арқасында бір жыл ішінде жоспарлы жұмыстар жүргізіліп, Қызылорда облысының, Сырдария ауданы, Шаған ауылының аумағында, "Батыс Еуропа – Батыс Қытай" дәлізінің бойында «Есентемір баба» атындағы саябақ салынып, құрылысы толық аяқталды.

Қазақ атамыз ықылым замандардан ата-баба аруағын қастерлеп, бабалар аманаттап кеткен мына ұлан-ғайыр жерді жауынан қорғады. Аруақтар қонған қорымды жауға қорлатпады. Осы қасиеттің арқасында мына ұлы далада рулық-тайпалық дәстүрді берік ұстанған ұлы көшпелі империялар құрды.

Қазақ қашанда жеті атасын білмегенді құрметтей

Жалпы, қазақ халқының шығу тегі туа бітті аңыздан тұрады. Кіші жүз құрамындағы Байұлы тайпасынан таратылатын Есентемір руының шығу тегі туралы әр түрлі аңыз әңгімелер айтылады. Темір руының ұрпақтары кезінде Сырдария мен Қаратаудың арасында көшіп қонып жүрген. Отырықшы болғалы бері олар Қаратаудың Қайыршақты, Қараүңгір, Сарыбұлақ, Құтырған, Боралдай, Арыс өзендерін жағалай орналасқан деген дерек бар.

Қоқан хандығы кезінде елден алым-салық жиналды, ағайындарды бір-біріне қарсы қойып жер дауын ушықтырды. Темір жігіттері ондайға төзе алмай қарсылық көрсетті, Қоқан ханы керуеніне шабуылдар жасады, сол себептен қуғынға түсіп, Темірлердің кейбір аталары қоныс аударуға мәжбүр болды. Кедей Темірдің Ырысай атасының ұрпақтары 200 жылдай бұрын Бөржар жеріне қоныс аударған. Деректер бойынша, Кедей Темірдің Дүйсенбі атасының ұрпақтары Қаратас өңірін мекендеген. Таздар Темірлердің Қаратеке батыр бастаған ұрпағы, Әулие Атадан алым-салық жинап келе жатқан хан керуеніне шабуыл жасаған. Қоқан ханы қуғынын қоймаған соң Сырды жағалай отырып Аралға барып, әрі қарай өтіп Ресей қарамағындағы Кіші жүз жеріне барған. Қазіргі кезде олар Кіші жүз құрамында бір қауым ел болып отыр.

Сыр топырағы – қазақ үшін қадірлі өлке. Ежелден көне дәуір көзі, мәңгі өшпес те өлмес мұралардың қазынасы мекені. Осы өңірдегі ежелгі және ортағасырлық Шірік Рабат, Жетіасар, Алтын Асар, Моншақты Асар, Жанкент, Жент сияқты қырыққа жуық қираған қалалар мен асарлар орны бабалар дәуірінің ескерткішіндей. Сонымен қатар, бұл өңірде сырт елдермен байланыстырған Ұлы Жібек жолының ізі жатыр. Сыр бойында ерте заманнан-ақ қала мәдениеті қалыптасқан. Оның тұрғындары қолөнер және саудамен айналысқан елді мекендерде тұрған. Бұған дәлел Жамал Қаршидың жазбаларында Сырдария қалаларының көпшілігінде мешіттер, қонақ үйлер, керуен сарайлар, тарихи ескерткіштер болған.

Сыр елі – Қазақ халқының үш кемеңгерінің бірі орақ ауыз, от тілді шешен Әйтеке би, өз дәуірінің көреген көсемі, даңқты қолбасшы, мемлекет қайраткері, Самарқанның отыз жылдан астам әмірі болған Жалаңтөс баһадүр, туған жерін жат жерлік басқыншылардан жан аямай қорғаған Жанқожа, Көкен, Жанназар, Бұқарбай, Бақтыбай сынды хас батырлардың отаны.

Қызылорда облысының әкімі Қырымбек Көшербаевтың қолдауымен кезінде киелі Маңғыстау өңірінде «Адай Ата – Отпан тау» этнографиялық рухани тарихи-мәдени кешенінің толықтырылып, жаңартылған жаңа мұражайкешен ретіндегі ашылу салтанаты өтті. Бекет атамыздың туғанына 260 жыл толуын атап өту халқымыздың рухани өміріндегі басты оқиғалардың бірі болғаны сөзсіз. Бүгінгі күнгі басты міндеттердің бірі – төл мәдениетін, салтдәстүрлерін жақсы білетін, өз халқының тарихын сүйетін, ел болашағына тірек бола алатын келешек саналы ұрпақ тәрбиелеу.

Қазақ талай дүлдүлді дүниеге әкелген. Бір ғана Атырау өңірінен талай баһадүр батырлар, күміс көмей, жезтаңдай би-шешендер, дүлдүл күйшілер шыққан. Мысалы; Есентемір Бөкен би, Тама ақын Досжан, Шеркеш соқыр Есжан, Есентемір Еспай күйші, Мыңбай батыр, Мұрат Мөңкеұлы, Мақаш әкім, Өтешқали Аманиязов тағы басқалар тарихтан өз орнын алғаны анық. Біздің міндет – осы бабалар ізін өшірмей, кейінгіге үлгі ету.

Осындай киелі мекенде ағайындардың басын қосып, тоғыз жолдың торабында, халықаралық "Батыс Еуропа –Батыс Қытай" дәлізінің бойында «Есентемір баба» атындағы саябақ кешенінің ашылуына себепкер болған осындағы ағайынға алғыс айтамыз. Жарқын келешегіміз – жастарымызға өткеніміз және ортақ құндылықтарымызды таныту арқылы рухани тұғырымызды нығайтып,ұлттық мәдениетімізді ұлықтау ұрпақ парызы болып қала бермек.

**Нұрпейіс МАҚАШЕВ,**
**«Байтақ» қоғамдық қорының төрағасы, ҚР Парламенті Мәжілісі ІІІ шақырылымының депутаты.**

## ҚҰТТЫҚТАУ

***(Шағандағы атамыз Есентемірге арналған бақтың ашылу салтанатына)***

Анау менің жайлауым алыс кеткен,
Анау тауым аспанға шаншылы еткен.
Айналайын, бабалар,аруағыңнан,
Дулығасы жарқылдап ғарышқа өткен.

Бесқаланың төртеуін алған көкем,
Жібек жолын Қытайға салған көкем,
Құйрығына түйенің түйе байлап,
Аяғы жеткен жерді шалған көкем,

Оу,менің арлан көкем,арман көкем.
Дүбірі жарты әлемді жарған көкем.
Жартысына құрылықтың отау тігіп,
Марыдан да арыға барған көкем.

Үлкеніңді мен сенің көкем дедім,
Інің болмай мен саған бөтен бе едім.
Көп қадаса мен де бір уық қадап,
Шаңырағыңды мен сенің бекемдедім.

Кекірейгенді құлатқан бастан ұрып,
Бабамыздан болмаған асқан ұлық.
Миллион-миллион шаңырақ осы күнде,
Он екі ата әлемге шашқан ұрық.

**Қалбай ӘБДІРАМАНОВ,**
**ақын.**

## ХАБАРЛАНДЫРУ

**«Есентемір баба» атындағы саябағының ашылуы Қызылорда облысы, Сырдария ауданы Шаған ауылдық округінде 2014 жылдың 20 қыркүйегінде өткізіледі.**

# ТАНЫТҚАН ТЕКТІЛІКТІҢ ӨР ТҰЛҒАСЫН



Бүкіл саналы ғұмырын білім беру саласына арнап, адал еңбекпен есейген Базаркүл бейнеті зейнетімен зерделенетін шаққа жеткенін, әрбір күнін, әрбір сағатын ізденіспен, көңілге түюмен өткізген 41 жылдың қалай зырлап өткенін байқамай да қалыпты. Бүгін біздің әңгімемізге арқау болғалы отырған жан – ибалы мінез мен ізеттілігі әр уақытта маңайындағыларға сезіліп тұратын, тума табиғи болмысымен лайықты, өнегелі өмір жолында ғұмыр кешіп отырған Базаркүл Махамбетқызы Құлахметова. Оның ұзақ жылғы ұстаздық жолы, білім беру мен шәкірт тәрбиелеудегі, ұжым басқарудағы іс-тәжірибесі, оқытудың әдіс-тәсілдерін бөлісе жүріп, ғылымға қосқан үлесі, отбасындағы бала өсіріп отырған аналық парызы әріптестеріне үлгі болғандай.

Ұлы Абай: «Адамның адамшылығы жақсы ұстаздан» дегенді қалай тауып айтқан. Әрбір адам өзінің алғашқы ұстазын «мені оқытқан», «маған бағыт берген», «осыған жеткізген», «мені тәрбиелеген» деп еске алып, тағзым етеді. Тәуелсіз отанымыздың мемлекеттігін нығайтуға үлес қосып, алғаш еңбек жолын мұғалімдіктен бастаған ол өзінің бар ғұмырын ұрпаққа арнаған. Адал еңбегі, имандылығы мен білімділігі Базаркүлді өзгелерден ерекшелеп тұрады. Білікті басшы, жаңашыл мұғалім , шәкірттеріне сүйікті ұстаз бола білген тұлға.

Жосалы кентінде жұмысшы отбасында дүниеге келген Базаркүл Құлахметова онжылдықты бітіргеннен кейін өзінің еңбек жолын өзі бітірген №186 мектепте пионер жетекшісі, бастауыш сынып мұғалімі болып қызмет атқарды. Айтқандайын, еңбектен қол үзбей жүріп, Алматыдағы С.М.Киров атындағы Қазақтың Мемлекеттік университетінің география факультетін бітіріп шықты.

Жетпісінші жылдардың соңынан бастап №109 мектепте география пәнінің мұғалімі болып қызмет атқарды. Арада бес жыл салып, №199 орта мектепте әуелі мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары, сосын мектеп директоры қызметін атқарып келеді. Сонымен қатар ол жас ұрпаққа география пәнінен сабақ берді. Басшылық қызметтегі кезінде Базаркүл Махамбетқызы ұйымдастырушылық қабілетімен, қай нәрсенің болсын шешімін таба білетін іскерлігімен таныла білді. Мектеп тұрмысының ішкі тыныс-тіршілігінің көзге көрінбейтін бүкіл ауыртпалығын көтере біліп, қандай түйінді мәселе болса, іскерлікпен шешетіндігін ерекше атап кеткен орынды.

Жоғары санатты география пәні мұғалімі «Қазақстан Республикасының Білім беру ісінің үздігі» төсбелгісімен, ҚР Орталық сайлау комиссиясының Алғыс хатымен, ҚР Білім және Ғылым қызметкерлері кәсіподағының, облыстық білім беру департаментінің Құрмет грамоталарымен, өзге де сан түрлі марапаттаулар мен мадақтауларды иеленген. Сондай-ақ ол 2001 жылы аудандық мектеп директорлары байқауының жүлдегері.

Базаркүл шәкірттеріне білім мен мәдениеттің қасиетті дәнін еге білген жан. Асылы, ұстаз еңбегінің жемісі оның шәкірттері арқылы көрінетіндігі белгілі. Соның куәсі ретінде өткен жылы Қазақ Ұлттық Аграрлық университетінен оқушысы Қырмызы Қалдашбаева үздік оқуына байланысты Алғыс хатпен мадақталды. Ал Базаркүлдің өзі биыл ҚР Ұлттық бизнес рейтинг орталығының шешімімен «Даңқ жұлдызы – Қазақстан экономикасы» орденімен марапатталды және мектепке «Сала көшбасшысы-2014» дипломы мен қабырға медалі берілді.

Ол осы мектептің ардагерлері мен аға буын ұстаздардың іс-әрекеттерін, олардың биік адамгершілік қасиеттерін, алтын ұяның биіктерге көтерілуіндегі ұжымның атқарған жұмыстарының орны ерекше болғанын үлгі етуден жалыққан емес.

«Әке көрген оқ жонар ..» дегендей, көп жыл мектепте басшылық қызметте болған Махамбет сияқты өнегелі әкеден үлгі алған Базаркүл жұбайы Айдармен екі қыз тәрбиелеп отыр, ол береке-бірлікпен сүттей ұйыған отбасының ұйтқысы. Көзінің ағы мен қарасындай қызы Гүлжанат Павлодар қаласындағы педагогикалық университеттің химия факультетінде оқыса, кіші қызы Салтанат Алматы қаласындағы Қ.Сәтбаев атындағы Қазақ Ұлттық техникалық университетінің II курс студенті.

Базаркүл Махамбетқызы басшылық жасап отырған мектептен ҰБТ-ға қатысқан түлектер жыл сайын жоғары нәтижеге жетіп келеді. Мәселен, 2011-2012 оқу жылында 5 түлек грант иегері танылып, мектептен екінші орынды иеленді. 2012-2013 оқу жылында мектеп бітіруші 11 оқушының 5-еуі, өткен оқу жылы 5 бітірушінің 4-еуі грант иеленді.

Ел сенімінен шығып, ұжымының абыройын асқақтатып, жауапкершілік жүгін қайыспай көтерген, шәкірттерінің сүйіспеншілігіне, әріптестерінің құрметіне бөленген, халық мақтанышы Базаркүл Махамбетқызының мерейтойы да келіп жетті. Оның әрдайым денсаулығы мықты болып, ауылдастары арасында абыройлы әрі мерейлі болуына сенім мол.

**Рысқұл ЖОРАБЕКОВА,**
**ардагер-ұстаз.**
Төребай би ауылы,
Қармақшы ауданы.

ЖАНҚОЖА БАТЫР – 240 ЖЫЛ

**Атажұртын басқыншылардың езгісінен азат етуде қылышынан қан тамып, өмірінің соңына дейін жойқын жорықтар мен сұрапыл соғыстардың ортасында жүріп, елін қызғыштай қорғаған батырларымыздың бірі – Жанқожа Нұрмұхаммедұлы (1774-1860). Ол XIX ғасырдың 20-жылдарынан бастап Сыр бойы мен Арал теңізінің шығыс жағалауын қоныстанған қазақтарға өз үстемдігін жүргізе бастаған Хиуа, Қоқан хандықтарының өктемдігі мен Ресейдің қазақ жерін отарлау саясатына қарсы шыққан халық батыры.**



# ТӘУЕЛСІЗДІК КҮРЕСКЕРІ

Тумысынан томаға тұйық Жанқожа жастайынан жылқы бағып, қатарынан бөлекше өскен. Осындай жайсаң өмір сүріп жатқан бозбаланы тағдыр ерте есейітті. Соғыс десе жанын шүберекке түйіп жазықсыз жапа шеккендер, опасыз отаршылдық құрбандары, олардың мұңы мен зары Жанқожаның шымбайына қатты бататын. Әсіресе, Хиуа хандығының жер, мал-мүлікті қойып, қаракөз бұрымдыларымыздың намысын аяқасты етуі оның қолына қару алып, ерте соғысқа аттануына түрткі болды. 70 жыл бойы соғыстың бел ортасында жүріп, 80-ге келгенде қайтадан қолына найза алып, атқа мінуінің себебі де сол. Сондықтан болар, қарсыласқан дұшпанын тізе бүктірмей қоймайтын қайсарлық батырдың болмысында бар еді. Барлық жорықтар мен көтеріліс кезеңдерінде Жанқожаның қолбасшы немесе ұйымдастырушы ретінде жүруі, өзіне артқан сенімді ақтап, елінің сағын сындырмайтындығына бек сенгендіктен болар.

Жоғарыда айтқанымыздай, Нұрмұхамедұлы Жанқожа 1774 жылы қазіргі Қызылорда облысының Қазалы ауданында туған. Дегенмен, батырдың туған жылы мен дүниеден өткен жылдарында күмән тудыратын жағдайлар баршылық. Олай дейтініміз, «Қазақстан» ұлттық энциклопедиясында 1774 жылы туылған десе, «Қазақстан тарихының» 3-томында 1780 жыл көрсетілген. Ал, көз көргендердің ұрпақтары былтыр Жанқожаның туылғанына 238 жыл, биыл дүниеден өткеніне 152 жыл толғанын алға тартады. Дегенмен, жұртшылық 1774 жылға тоқтап отыр.

Нұрмұхамедұлы Жанқожа батыр Сыр бойы қазақтарының Хиуа, Қоқан хандықтарының езгісіне және Ресей отаршыларына қарсы ұлт-азаттық көтерілісінің басшысы болды. XIX ғасырдың 20-жылдарынан бастап Сыр бойы мен Арал теңізінің шығыс жағалауын қоныстанған қазақтарға өз үстемдігін жүргізе бастаған Хиуа, Қоқан хандықтары 1830-1840 жылдары жергілікті халыққа өктемдігін одан әрі күшейтті. Хиуа хандығы Жаңадария, Қуаңдария, Қызылқұмнан өтіп, Қосқорған, Арал теңіздеріне дейінгі аралықтағы Сыр бойындағы қазақтарға шапқыншылықтар жасап, малын барымталап, әйел, бала-шағаларын тұтқынға алып кетіп отырды. Қоқандықтар шекара бекітіп, әкімшілік құрып, 1817 жылдан бастап салына бастаған бекіністерінен әркез жасақтар шығарып, бейбіт елді шауып, алым-салық жинап тұрды. Осындай зорлық-зомбылықтан жапа шеккен қазақтар жастайынан әділдігімен, батырлығымен елге танымал болған Жанқожаның төңірегіне топтасады.

Жанқожа батыр 17 жасында Кіші жүз құрамындағы Әлімұлы тайпасының жергілікті рулары сайлап алған Қылышбай ханның Хиуа бекінісіне жасаған жорығы кезінде ешкімге дес бермей тұрған қарақалпақ батыры Тықыны жекпе-жекте өлтіреді. Осы жорықта әділетсіздігі үшін Қылышбай ханның өзіне де қол жұмсайды. Бұл кездерде Жанқожа ауылы Қарақұмды жайлап, Ырғызды қыстайтын. Қоқан хандығының Созақ бекінісіне орналасқан әкімдерінің жергілікті халыққа салынатын алым-салықтан тыс көрсеткен зорлықтары қазақтардың бас біріктіріп, бұл қамалға шабуыл жасауына себепкер болады. И.Аничковтың мәліметі бойынша, Қоқан әкімі Дәурен Созақ қалаларының бектері Отыншы, Сушымен бірігіп, Сарман биді өлтіреді.

Созақта тұратын Құрман би араша түсуін өтініп, Жанқожаға арнайы хабар жібереді. Жанқожа елден қол жинап, Созаққа жорыққа аттанып, жолда Жаңақорған, Жөлек бекіністеріндегі қоқандықтарды қуады. 1830 жылдың күзінде Созақ бекінісін қоршауға алып, көмекке келген қоқандық Таған палуанды жекпе-жекте қолға түсіреді. Одан кейін Жанқожа жасақтарымен бекіністің дарбазасын бұзып кіріп, Созақты басып алады. Қоқан бектері Отыншы мен Сушыны қолға түсіріп, баласын өлтірген өтеуі үшін Құрман биге тапсырады. Кейбір деректерге қарағанда, Жанқожа Қоқан хандығының Шымқорған, Қосқорған, Күмісқорған тәрізді бекіністерін де талқандаған.

Жанқожа батырға арқа сүйеп, алым-салық төлеуден бас тартып, Хиуа бегі Бабажанның озбырлығына көнбей жүрген Сырдың төменгі сағасындағы қазақтарды тәртіпке келтіру үшін Хиуа ханы Аллақұл жасақтарымен түрікмен Аймұхамед палуанды жібереді. 1836 жылы Ақирек деген жерде елге тізесі батқан осы Аймұхамед палуанды Жанқожа жекпе-жекте өлтіреді. Басшысы мерт болған палуанның жасақтары бас сауғалап қашуға мәжбүр болады. Жанқожа бұдан кейін де Сыр бойындағы қазақтарды хиуалықтардың езгісінен құтқару үшін, олардың бекіністеріне жиі-жиі шабуыл жасап отырады. Оның бұл жорықтары нәтижелі болып, Хиуа бекіністері көп шығынға ұшырайды. Қазіргі тарихнамалық зерттеу бағалауынша: «1845 жылы Кенесарының өтініші бойынша Жанқожа қоқандықтардың Созақ бекінісін алуға қатысты» («Қазақстан тарихы»: 5 томдық, 3-том, Атамұра, 2010. – 388-б.). 1845 жылдың көктемінде Хиуа хандығы Сыр бойындағы қираған бекіністерін қалпына келтіру үшін 200 жасақ аттандырады. Жанқожаның жігіттері бұлармен ұрыс салып, кері қайтарады. 1847 жылы көктемде Хиуа бегі Уайыс-Нияздың әскері Атанбас, Ақирек, Қамыстыбасты жайлап отырған қазақтарға шабуыл жасап, 1400 үйді ойрандап, тонап кетеді. Осы жылдың тамыз айында Хиуа бегі Қожанияз бастаған шапқыншылар қазақ ауылдарын тағы да тонауға ұшыратады. Хиуалықтардың мұндай шапқыншылығы бір жылда бірнеше рет қайталанады. Тонауға ұшыраған елін қорғауға Жанқожа 700 сарбазбен қарсы шығады. Құрамында екі мың әскері бар хиуалықтар Жаңақала бекінісінің төңірегіне шоғырланады. Жанқожаға Ресейдің Райым бекінісінің бастығы Ерофеев бастаған отряд келіп, хиуалықтарды талқандауға көмектеседі. 1847 жылы Райымға келіп, бекініс сала бастаған Ресей әскерлеріне Жанқожа қарсылық көрсетпейді. Сол кездегі Орынбор генерал-губернаторы В.Обручевпен жолығып сөйлескен соң Жанқожа онымен орыс әскері жергілікті халықтың тыныштығын бұзбайтындығына және хиуалықтардың шапқыншылығынан қорғайтындығына келіседі. Бірақ кейін іс жүзінде керісінше болады. Патша шенеуніктері мен әскерлері ауық-ауық елдің тыныштығын бұзып, бұл кезде егде тартып отырған Жанқожаға да маза бермейді. Орынбор шекаралық комиссиясының Сырдария жүйесі бойынша өкілі И.Осмаловскийдің көмекшісі болып есептелетін тілмаш Мұхаммедхасан Ахмеров шабармандарын пара жинауға Жанқожа ауылына жұмсайды. Жанқожа оларды «орыс заңында мұндай салық мүлде жоқ» деп қуып жібереді. Осындай келеңсіз құбылыстарға ашуланған Жанқожа көтеріліске шығуға мәжбүр болады. 1856 жылы желтоқсанның соңғы күндерінде көтерілісшілер Қазалыны қоршауға алады. Қаратөбе маңындағы Л.Булатовтың отрядына бірнеше рет шабуыл жасайды. Көтерілістің бас кезінде Жанқожаның 1500-ден аса сарбазы болса, 1857 жылы қаңтарда олардың саны 5000-ға жетеді. Жағдай Орынбор генерал-губернаторы В.Перовскийді қатты алаңдатты. Ол генерал-майор Фитингофт бастаған 300 атты казак, 320 жаяу әскер, 1 зеңбірек, т. б. каруларымен қоса сұлтан Елекей Қасымов бастаған бірнеше жүз қазақ жасағы бар жазалау отрядын аттандырады. Екі жақ Арықбалықтың тұсында кездесіп, бірнеше дүркін шайқас болады. Бақайшағына дейін қаруланған жазалаушы отрядқа көтерілісшілер қарсы тұра алмай, шегінуге мәжбүр болады. «Қазақстан тарихының» 5 томдығының 3-томында (Атамұра, 2010) «Ермұхамед (Елекей) Қасымов көтерілісті басуға мейлінше белсене қатысты» (389-б.) деп нақты баға берілген. Қазақ халқының осындай ұлттық-азаттық көтерілістерін Ресей патшалығы отаршыл жазалаушы әскерлермен бірге басып-жаншыған осындай жергілікті билік иелерінің (аға сұлтан, би Есеней Естемесұлы; сұлтан, генерал-майор Баймұхамед (Баймағамбет) Айшуақов; сұлтан Қоңырқұлжа Құдаймендеұлы, т.б.) іс-әрекеттері тарих беттерінде мәңгілік жазылып қалды. Екі күн бойы ізіне түскен жазалаушы отрядтың көзіне көрінбей, көтерілісшілер Қызылқұмға ойысып кетеді. Жазалаушы отряд жолда кездескен қазақ ауылдарын шауып, тонаушылыққа ұшыратады. Фитингофт бастаған жазалаушы отряд ақпан-наурыз айларында көтерілісші халыққа қарсы тағы бірнеше рет жорыққа шығып, қазақ ауылдарына адам айтқысыз жауыздықтар жасайды. 1856-1857 жылдары қазақтардан тартып алынып есептелмей, талан-таражға түскенді қоспағанда, 79567 сомның малы сатылады. Көтеріліс жеңіліс тапқаннан кейін Жанқожа сатқындық жасаған рубасылары мен ел ағаларына ренжіп, Дауқара жаққа, одан Бұхар хандығы жеріндегі Ерлер тауына жалғыз кетіп қалады. Екі жылдан соң қайта оралып, Қызылқұмда жалғыз отырған Жанқожа 1860 жылы кісі қолынан қапыда қаза табады. Бірақ, тарихтан белгілі басқа хандар мен батырлардың басын алғаны сияқты Жанқожаның басын алмақ түгілі денесіне тиісе алмайды. Тіпті, сол жерде Жанқожаны арулап көмуге бұйрық береді. Мұның өзі батырдың аса құрметті, әруақты адам болғандығын айқындап тұрса керек.

Жанқожа Нұрмұхамедұлы тек батыр ғана емес, әділ шешім айтатын би, діндар болған. Қасына үнемі кіші жүздегі пірлердің ұрпағы Сәйеке ишан деген пірін ертіп жүрген. Перовский сынды отаршылдардың сан рет қолқа салған шені мен байлығынан бас тартқан. Маңдай тері сіңбеген нәрсеге қол салу иманнан аттау деп түсінген. Тіпті, соңғы демі қалғанша намазын бұзбастан хақ мұсылманша Жасаған иесінен иман тілеп, қасқайып тұрып пәниден бақиға өткен.

Жанқожа Есет батыр сынды зор денелі батыр болмаса да, үстіндегі сауытын киген адам орнынан тұра алмайтын жолбарысты батыр болған. Қылышы мен айбалтасын жанынан тастамаған. Қанша дұшпан болса да ол жауына мылтық атпаған. Қаһарлы қабақтары көзіне түсіп, сақалы төсіне жеткен. Деректерде оның жауға шапқанда кедергі болмасын деп сақалын өріп қоятындығы туралы мәліметтер кездеседі.

«Ер есімі ел есінде» дегендей, Жанқожа батырдың есімі ешқашан ұмытылған жоқ. Батыр өмірден өткен кезден бастап осы уақытқа дейін ол туралы талай туындылар, зерттеулер жазылды. Жанқожа туралы ақын-жыраулардың (Мұсабай, Л.Кенжеев, Н.Жұбатұлы, О.Сұлтанов, М.Айдарбекұлы, М.Құттықов, Ә.Нарымбетов, С.Қожағұлов, т.б.) дастандары мен арнау толғаулары жарық көрді. Суреткер ғұлама Мұхтар Әуезов «Тарихи жырлар» атты еңбегінде халық батырларына лайықты баға берген: «XVIII ғасырдың екінші жартысы мен XIX ғасырдың алғашқы жартысы бойында қазақ халқы өзін езіп-қанаушыларға қарсы қару алып күресті. Күреске шыққан халықтың осындай ерлік айбары бірқатар тарихи жырлар тудырды. Сырым, Исатай мен Махамбет, Бекет пен Жанқожа жайындағы тарихи жырлар осындай» (Әуезов М.О. Уақыт және әдебиет, 1962, 75-б.). Жанқожа батыр туралы дастанға арналған зерттеу «Қазақ тарихи жырларының мәселелері» (Алматы: Ғылым, 1979) атты ғылыми зерттеулер жинағында жарық көрген. Сонымен бірге Тәуелсіздік жырларында ғылыми зерттеулер мен мақалалар, дастандар мен арнау өлеңдер, тарихи-деректі құжаттар жинағы «Ел қорғаны ер Жәкем» жарық көрді. 1978 жылы дарынды ақын, қаһарман қаламгер Зейнолла Шүкіров басты кейіпкері Жанқожа батыр сомдалған төрт кітаптық «Сыр бойы» роман-эпопеясын «Жазушы» баспасына тапсырған екен. Сол роман-эпопеяның алғашқы екі кітабы Қызылордадағы «Тұмар» баспасынан 1998 жылы жарық көрді. Халық батырының Тәуелсіз Қазақ елінің тарихында мәңгілік ұлықталуы үшін әлі талай жұмыстардың атқарылатыны ақиқат.

Қорыта айтқанда, қазақ халқының бостандығы мен Тәуелсіз Мемлекеттігі үшін Ресей отаршылдарымен де, Хиуа, Қоқан басқыншыларымен де өмір бойы күресіп өткен ұлттық батыр қайраткеріміз Жанқожа батырдың ұрпақтарымызға кеңінен таныстырылуы, ұлағатының ұлықталуы – бәріміздің абыройлы борышымыз.

**Темірхан ТЕБЕГЕНОВ,**
**филология ғылымдарының докторы, профессор.**

Шалатай МЫРЗАХМЕТОВ,
ҚР Парламенті
Мәжілісінің депутаты

# ӘДЕБИЕТТІҢ ЕРЕН ТҰЛҒАСЫ

**Өткен ғасырдың 70 жылдарының орта тұсында, мектепте тарихтан дәріс берген, халық арасында «Музей адам» аталып кеткен ұстазым Асантай Әлімұлына сәлем бере үйіне барып қалдым. Ақтөбе облысында үш жылдай еңбек етіп қайтқан кезім. Елді, жерді, ел адамдарын сағына келгенмін, ар-салаңдай аулаға кіре, ағайға дауыстап сәлем бердім.**

Жаз кезі, ауылда күн ыстық, оның үстіне біз өскен темір жол бекетінде тал да сирек, өйткені ағын су тұрмақ ауыз су да тапшылау. Ауыл бойынша бір-ақ жерде теміржолдың су колонкасы бар, құнара темір жолмен бір вагон су келіп тұрады. Ағайлар тұрғын үйдің көлеңкесіндегі нарға көрпе жайып, демалып, жайланып отыр екен. Қауқылдасып қалдық, төрде сымбатты келген, отыздан енді асқан жас жігіт отыр екен, амансаулықтан соң таныстырды: жазушы Дүкенбай Досжанов – Отырар жайлы шығармалар жазып жүр, болашағынан көп үміт күттіретін азамат деді. Асантай ағай шын мәніндегі шынайы тарихшы еді. Жаз бойы тапқан-таянғанын жаратып, Отырар қаласының орнында қазба жұмыстарымен айналысатын еді. Бір өзі – бір экспедицияның атқаратын істерін атқарып жүрді десем, аса көп жаңылыса қоймайтын шығармын. Аудан орталығында ашылған тарихи-этнографиялық музейдің негізгі базасы Асантай ағай тапқан экспонаттар екеніне халық куә, ел куә. Сондықтан ел ол кісіні «Музей адам» атап кеткен.

Сол ағай жас айырмашылығына қарамастан Дүкенбай Досжановпен аса бір қимас, ықылас ниетті сыйлас болып кетті. Себебі өз ісіне берілген еңбекқор адам, өзі тектес азаматты танығаны болар. Дүкеннің әдебиетке берілгендігін, тұла бойында туа біткен қасиет бар екенін, кез келген кісінің төзімділігі шыдас бермейтін еңбекқорлығын сезген болуы керек. Араларында ағайынға бергісіз сыйластық, бірбіріне деген риясыз сезім Асантай ағай дүниеден өткенше үзілмегеніне ел куә.

Дүкенбай Досжан ағаның шығармаларының әдеби құндылығына баға беру әдебиет сыншыларының үлесі, өйткені оған менің өрем жете бермес.

Қазақша айтқанда «Көтере алмайтын шоқпарды беліме байламай-ақ қояйын». Өмір ғой, оның үстіне менің мамандығым құрылысшы, құрылысшыларда қысылжазы наукан. Наукан кезінде күнді күнге, түнді түнге ұрып дегендей, тіптен үй көрмей кетеміз. Бұны айтып отырғаны сол 70 жылдардағы таныстықты әрі қарай өрбіте алмай қалғаным өкінішті-ақ, өзекті өртейді.

Тек 2002 жылдың қара күзінде Дүкеңнің 60 жылдығы аталып өтіп жатқанда іздеп Астанаға келдім. Ол кезде Отырар ауданының әкімі қызметіндемін. Ауыл ақсақалдары, ел арасының сөзін сөйлеп жүрген қариялар «Дүкенбай Отырардың болмысын ашуда, елдің елдігін, жердің киелігін көрсетуде аз еңбек еткен жоқ. Етептеп жатып жазған шығармаларының шоқтығы биіктерінің қатарынан Отырар туралы, Отырардың тарихы, табиғаты, елдің салт-дәстүрлері, азаматтары туралы жазылған шығармалары ойып тұрып өз орнын алады».

«Ерім дейтін ел болмаса, елім дейтін ер қайдан шығады», –деген ел ағаларының ойы мені Астанаға жетеледі.

Астанада К.Байсейітова атындағы опера және балет театрында кездесудегі халықтың ықыласы, әріптестерінің ізгі ниеттері, замандастарының Дүкең еңбектерін жоғары бағалауы маған терең ой салды. Егерде халықты сүйе білсең, ұлттық рухыңды бағалап, пайымдап көтере білсең, адамзат баласынан келген қиянатты карымта қайтармай қара нардай көтере білсең, елге еткен еңбегіңді міндет етпесең, халқың да сені алақанға салып аялап, құрметтейді екен-ау деген тұжырымға келдім.

Жиірек хабарлас болу 2007 жылы қызмет бабымен Астанаға келгеннен кейін басталды. Әркез жиындарда кездесіп жүрдік, маңғаз отырысы, қазақи қасиет аз сөйлеп, көп тыңдау, сөйлеп отырған адамды зерделеп тыңдау, сол кісінің ішкі жан дүниесіне тереңірек үңіліп, оның болмысын зерттеу байқалып тұратын еді. Менің пайымдауымша, жазушы адам психологиясын сезіне отырып, жазып отырған кейіпкерінің образына ене білуі, дүниеге сол кейіпкердің болмысымен қарай білуі, яғни әрбір кейіпкердің дүниетанымын бес саусақтай сезінуі керек сияқты. Ал Дүкең әрбір отырыста сонда отырған адамдардан әрқайсысының мінезіне, өмірлік көзқарасына, жалпы адами болмысына мағына беріп, пайым жасап отыратындай, болашақ кейіпкерлерін іздеп отыратындай көрінетін. Мүмкін шын мәнінде де солай шығар.

Ал Дүкенбай ағаның бір бақыты – өмірлік қосағы, жан-жарының да әдеби ортада өз орны бар, ақын, журналшы, жазушы болғаны да шығар. Себебі адам өмірінде табысқа жету үшін, әсіресе шығармашылық адамдарының бойындағы таланты толыққанды ашылу үшін отбасының әсері өте маңызды болады. Дүкеңнің ақадал жары Сәуле Мағазбеккызы өмірдің талай толқындарынан сүрінбей өткен, туабітті болмысымен шығармашылық адамы. Жазушының жан дүниесін жақсы түсініп, талантының ашылуына барынша жағдай жасай білгені айдан анық.

«Тау алыстаған сайын биіктей түседі» дейді дана халық, сол айтқандай Дүкенбай Досжан уақыт өткен сайын биіктей беретін қазақ әдебиетіндегі Ерен тұлға екені дәлелдеуді қажет етпесе керек.



Қуаныш АЙТАХАНОВ,
ҚР Парламенті
Сенатының депутаты

# БИІК ПАРАСАТ ИЕСІ

**Туған жерін, оның төл тарихын, әдеп-ғұрпы мен салт-дәстүрін, тілі мен ділін жан-тәнімен сүйіп бойына сіңірген, тәңір берген дарыны мен күш-жігерін тәуелсіз еліміздің, ұлтымыздың игілігіне арнаған, парасат-пайымы биік, болмысы бөлек қазақтың қабырғалы қаламгері Дүкенбай Досжан ағамыздың дүниеден озғанына да біраз уақыт болыпты.**



Жылы жүзі мен сырбаз мінезі көзден кетсе де көңілден кетпес Дүкең ағамен соңғы кездесулеріміз өткен жазда Шымкент пен Түркістанда болғаны әлі көз алдымда, күні кеше сияқты көрінеді.

Жыл сайын 15 тамыз күні Шымкалада Шәмші скверінде атақты сазгер Шәмші Қалдаяқовтың туылған күніне арнап «Арыс жағасында» атты ретрофестиваль өтеді. Сол күні, яғни, 2013 жылдың 15 тамызында осы ән кешин тамашалауға Дүкенбай аға мен Сәуле жеңгей де келген екен. Осында кездесіп, ән тыңдап, әңгімелесіп ұзақ отырдық. Қоштасарда Дүкең: «17 тамыз күні түскі сағат 13-00-де қасиетті Түркістан қаласында «Иса-1» тойханасында әкем мен анама арнап ас бермекшімін, міне шақыру қағазы, құранда бірге болсаң дұрыс болар еді. Көптен ойымда жүрген шаруа еді. Түркістан қасиетті қала, қазақтың терең тарихы осында. Менің туып-өскен жерім де Түркістанға жақын, мынау Қаратау бөктерінде, Қызылорда облысы Жаңақорған ауданы Құланшы ауылында. Бір жағы Шымкентке де алыс емес. Дүкенбай әке-шешесіне Түркістанда ас беріпті деген аты да бар» – деп толғана сөйлеп, маған шақыру билетін ұсынды.

17 тамыз күні Түркістанға барып Дүкенбай ағаның әке-шешесіне арналған асқа қатыстық. Адам көп жиналыпты. Алматыдан, Астанадан, Қызылорда, Шымкент қалалары мен аудандарынан келген қонақтар өте көп.

Асты Дүкенбай ағаның өзі ашып, әкесі мен анасы туралы 15 минуттық деректі фильм көріністерін микрофон арқылы түсіндіріп тұрды.

Дүкең ағамыздың әкесі бір ұжым елді ашаршылықтан алып қалып, соғыстан кейінгі әлсіреген ауылдың тұрмысын көтеру үшін ат үстінен түспегенін, ат бапкері болып, бәйге ат ұстағанын, жасы 87-ге келіп дүниеден озғанын, анасының белі бүгіліп бие сауып еңбектеніп, ел құрметіне бөленіп 100-ге келіп, «Ел анасы» атанып кайтыс болғанын тебіреніп, толғанып тұрып айтты. Ас барысында жақсы тілектер айтылып, құран аяттары оқылып, қоштасқан болатынбыз.

«Шіркін, бір кем дүние-ай» десеңізші. Сонда кім білген, тура бір айдан соң осы жылдың 17 қыркүйегі күні Астана қаласының Хазірет Сұлтан мешітінде Дүкеңнің дүниеден озуына байланысты ас беріліп, дұға оқытылатынын. Алла Тағаланың бұйрығына, тағдырға не айтуға болады. Амал нешік, өзінің бірталай жоспарларын жүзеге асыра алмай, келместің кемесіне отырып, ортамыздан кетті де қалды!..

Дүкең ағамыз өмірде де, өнерде де алдыңғы қатарда жүріп, нағыз толысқан шағында өмірден озды. Оның талай жоспарлары, ойлаған жобалары бар болғаны анық. Жазғандары аяқталмай, ойлағандары толық орындалмай, жобалары жазылмай қалғаны да белгілі.

Дүкенбай Досжанов Қазақ халқының терең тарихына әдебиет арқылы тұңғыш түрен салған, шығармалары ондаған тілдерге аударылып, ұлтымызды әлемге таныстырған, соңынан өлмейтұғын із қалдырған нар тұлға, сөз зергері еді.

Елдікті, тарихты, ұлтжандылықты тереңнен қозғап, өндіріп, жазған, ойшыл да ізденімпаз ағамыз 11 роман, 20-дан астам повесть, 100-ге тарта әңгіме жазыпты, олар 76 кітап болып шығыпты.

Дүкең туындыларының таралымы ең көп және ең көп оқылатын жазушы. Оның ондаған шетел тілдеріне аударылған еңбектерінің көлемі 9 миллион данаға жуық.

Дүкенбай ағамыз табиғатынан сезімтал, жаңалыққа жаны құмар, ізденгіш, не нәрсені үйренуге бейім, көп білуге құштар, дарынды, адамгершілік қасиеті жоғары, мейірімді, кез келген нәрсеге балаша қуанатын еді. Ол көбіне ойдың үстінде жүретін, терең ойлап, тереңнен сөз қозғайтын, байыппен, байсалдылықпен елдің, жердің жағдайын, арғы-бергі тарихын, тағдырын жақсы білетін абзал азамат еді. Дүкең аққөңіл, адамға сенгіш, қақаң-сұқанмен, өсек-аяңмен ісі жоқ, ешкімнің көңілін қалдырмайтын, біреудің алдын кесіп өтпейтін, асып-тасымайтын, жазу десе бәрін ұмытатын, жаны тынбайтын үлкен дарын иесі, қаламгер еді.

Дүкең ағамыздың әрбір шығармасы әдеби ортаның сын таразысынан өтіп, оқырмандардың жоғары бағаларына ие болды. Білім-парасаты биік, ой-зердесі терең жазушы, мемлекет және қоғам қайраткері ретінде Дүкенбай ағамыздың ұзақ жылдар бойы атқарған жемісті еңбегі мемлекет тарапынан жоғары бағаланып Қазақстан Мемлекеттік сыйлығының және М.Әуезов атындағы Ұлттық сыйлықтың лауреаты, «Құрмет», «Парасат» ордендерінің, Ресей жазушыларының М.Шолохов атындағы сыйлығының иегері болды. Оның есімі АҚШ-тың «Әдебиет пен өнер адамдары» энциклопедиясына енген. Түркістан қаласы мен Отырар және тағы басқа бірнеше аудандардың «Құрметті азаматы».

Дүкеңнің Тәуелсіз Қазақстан тарихында, мәдениеті мен әдебиетінде алатын орны ерекше. Дана Абай айтқандай «Өлді деуге бола ма, айтыңдаршы, өлмейтұғын артында сөз қалдырған» дегендей. Артында терең ой мен сөз қалдырған Дүкенбай Досжанов ағамыздың аты еш уақытта өшпек емес, оның қарапайым, аяулы бейнесі ел есінде сақталады. Қазақ әдебиетінің алтын қорына қосылған үздік шығармалары оқырмандармен бірге жасай береді.

Сәуле ДОСЖАНОВА

**Ұлы даланың таудай тарихы мен көлдей терең көркемдігіне тұңғыш болып құдіретті қаламымен жол бастаған, әлемдегі миллиондаған оқырманға ұлтының тарихын танытқан қазақ тарихи прозасының хас шебері Дүкенбай Досжанның екінші өмірі басталғалы жыл толды.**

# ҰЛТ МАҚТАНЫШЫНА АЙНАЛҒАН СУРЕТКЕР

Дүкеңнің ұшан-теңіз еңбегін, қажыр-қайратын, жаратылысын замандастары үзеңгі қағысып бір жүргенде «Біздің мынау прогресс заманында Бальзакқа біткен, Флоберге біткен қазымырлықпен – о жақ, бұ жағынан ештеңе қалмайтындай, әкесінің өші кеткендей қаза түсіп, талдай отырып жазатын қазбагер қаламгер» (Әбіш Кекілбаев), «Қалам қасиетіне берілген жазушы» (Олжас Сүлейменов), «Барынша аққөңіл, кеңқолтық. Баяғы қазақы мінездің көшінен түсіп қалған жұрнақ секілді. Бүгінгі күннің қақаңсұқаңымен де, өсек-аяңымен де ісі жоқ. Кісіге жақсылық жасауға бейім, жапа шексе – көбіне адалдықтан, аңқаулықтан жапа шегетін. Жан баласына жамандық тілемейтін. Ешкімге залалы жоқ, шуағы мол. Бар білетіні – жазған шығармасы. Еңбекқор, көп оқып, көп тоқитын ғұлама» (М.Жолдасбеков), «Әдебиеттің тереңіне бел шеше түсіп, екі тізгінге, бірі көркемдік, екіншісі, даналық санаға қол артып, шығармашылық деген шыңға өрмелеп бара жатқан жазушы» (Ғарифолла Есім), – деп бағалады.

«Жырлайтын уақыт келді ерлігінді,
Өзің де биігінді көр бүгінгі.
Ұлы деп жүргендердің
ешқайсысынан
Тұрмын мен байқай алмай кемдігінді», – деп (Тұманбай Молдағалиев) жырға қосты.

«Ол қазақты қараңғы деп үкім шығарған кешегі кеңестік кер заманның өзінде «Отырар», «Фараби», «Жібек жолы» шығармалары арқылы ұлы даланың төсінде жұлдызды шаһарлар болғанын, өркениет таңы дүниеге шығыстан атқанын айдай әлемге әйгіледі.

Абай, Мұхтар бастаған алыптардың ғибратын тың деректермен көмкеріп, байыта зерделеді, қараңғы қапасқа батырылып, аты өшірілген арыстарымызды ақтау ісінде де алғы шептен көрініп, нәубет құрбаны болған арыстарымызды қапас архив түкпірінен аршып, жарыққа шығаруға қажырлылықпен үлес қосты. Сол алыптардай үш әріппен айқасып, архив құжаттарының шаңын жұтып, түнектегі құпия құжаттарды жолын тауып, жас ұрпаққа жеткізе алды.

Желтоқсан оқиғасының ізі суымай жатып «Алаң» романы арқылы отаншыл жастардың темір жүйеге қарсы келген тегеуірінді ерлігіне елден бұрын баға беріп, қызыл жендеттердің опасыз, оспадар қылмысын бүкпесіз әшкереледі. Бұл бағыттағы шығармашылық жеңістерге ол көздің майын шырақ етіп жағып, жүректегі ыстық қанын буырқантып, жүйке жүйесін сымдай ширатып қару етті, қаламын қылыш етті, сиясын ырыс етті.

Қазақ қауымының аталы тарихы мен баталы шежіресін ғасырлар қойнауынан тірнектеп тауып, бүгінгі ұрпаққа ұластырған тарихи прозаның керуенді көшін негіздеген санаулы саңлақ тұлғаның бірі ғана емес, бірегей өкілі болды.

«Мұхтар жолы», «Абай айнасы», «Алыптың азабы», «Абақты» секілді деректі прозасы арқылы ол тұлғатану бағытына соны соқпақ қалдырып, өзін тек қана жазушы емес, табанды да зерделі зерттеуші екенін зиялы қауымға дәлелдей алды. Ана тілінің қаймағын да, қаспағын да, шүйгінін де, шүйкесін де қалдырмай, құм санағандай мехнатты еңбекқорлықпен жүміле жұрттың зердесіне ұялата жеткізіп, әдет-ғұрып, салт-дәстүрдің небір нәзік талмаурын тұстарын бүге-шігесіне дейін сарқа жазып, ұлттың болмыс-бітімінің көркем галереясын нәрлі де сәнді тілмен сомдай алды. Тәуелсіз Қазақстанның рухани-саяси өмірін, отаншыл сана мен оған қарсы келетін кеселді күштердің тартысын «Ақ орда» романы арқылы кең масштабта сергектікпен, тағы да қаламдас достарынан озып суреттей алды.

Сыпа да сырбаз, эстет, біртоға, адам-қоғам-табиғат категориясын көркемдік түйсікпен ғана сезініп көре білетін, бағалап, бағамдайтын аса қабілетті дарын иесі қазақы мінез-құлықтың бай кенішін қара сөзбен кестелеп, қазақ прозасының деңгейін озық өреге, әлемдік тұрғы-тұғырға көтерген нағыз кәсіби жазушы болды («Дала мен қала» 18 қыркүйек, 2013 жыл. ), – деп жоқтады Дүкең өмірден өткен күні қазақ тілді бұқаралық ақпарат құралдары.

Дүкенбай Досжанның қаламынан көркем тілді 11 роман, 24 хикаят, 100-ден астам әңгіме, 7,7 миллион тиражбен оқырман қолына тиді. Оның кітаптары әлемнің негізгі тілдеріне: атап айтқанда ағылшын, орыс, қытай, неміс, мадияр, испан, жапон, пұштын, моңғол, украин, молдаван, тамиль т.б. тілдерге аударылған. Қаламгер 1974 жылы «Трудный шаг» кітабы үшін «Молодая гвардия» баспасының «Қазіргі заманғы жақсы роман» сыйлығын иеленді. 1988 жылы «Жібек жолы» романы үшін Украинаның «Дінепро» баспасының «Тарихи тақырыптағы жақсы кітап» сыйлығын алды. Суреткердің есімі АҚШ-тың «Әдебиет және өнер адамдары» энциклопедиясының 2-томына, «Ұлттық энциклопедияның» 3-томына, «Абай энциклопедиясына» енген.

1983 жылы Мәскеудің «Дружба народов» журналының жазылым арқылы тарайтын қосымшасымен «Жібек жолы» романы мен бір топ әңгімелері 300 мың таралыммен басылып шықты.

Ол көбіне тарихи және осы күнгі күйіп тұрған тақырыпты қозғады. Сол еңбегіне қарай, Досжанның қандай заманда да оқырманы тұрақты, әрі іздеп жүріп оқитын оқырмандары көп. Сондықтан Дүкенбай Досжан Қазақстандағы оқырманы қисапсыз жазушы атанды.

Дүкең өмірден өткенде орыс тілді бұқаралық ақпарат құралдары «Ушел из жизни «самый читаемый писатель» Казахстана Дукенбай Досжан», – деп тебіреніп қоштасып жатты.

Рахмет, жанкешті жазушының ақ тер, көк тер еңбегін бағалаған сол оқырманға!

Мұрағаттарда жастығы озған, қара сөзді қашап денсаулығы тозған, «Мен айтпасам – кім айтады!», – деп жазған дуалы ауыз, уәлі сөздің иесі, ұлтының жоқшысы болған Дүкенбайды төбесіне көтерген сол оқырманның аты ХАЛЫҚ еді.

«Қазақтар кітап оқымайды», – деп өкпелеп жүретіндерді де естіп жатамыз. Неге қазақ кітап оқымасын, егер онда оқуға тұратындай, жүрекке қонатындай нәрселер болса. Кеңестер Одағы кезінде біздің қазақтар кітап оқуды өнер санап, үйіне кітапхана жасауды мақсат тұтқан. Сол кезде Абайдан бастап, қазақтың классик жазушыларымен қатар Тәкен Әлімқұлов, Асқар Сүлейменов, Мұқағали Мақатаев, Шерхан Мұртаза, Әкім Тарази, Әбіш Кекілбаев, Мұхтар Мағауин, Сайын Мұратбеков, Дүкенбай Досжан, Қадыр Мырзалиев пен Тұманбай Молдағалиев, Фариза Оңғарсынова мен Марфуға Айтқожина сияқты алпысыншы-жетпісінші жылдары қазақ әдебиетінің алтын ғасырына үлес қосқан ақын-жазушылардың шығармалары керемет сериялармен, том-том болып шығып, қаздай тізіліп қазақтардың төрінде тұратын. Ұрпағын атадан қалған асыл сөзбен өсірген қазақтар, балаларын қолына қалам мен қағаз ұстағаннан кітап оқытып үйреткен.

Одақтағы он бес ел жеке шаңырақ көтеріп, алдымен экономиканы өркендетуді мақсат етіп қойғалы кітап жазатындар да, оны шығаратындар да азайғаны шындық. Ол тек Қазақстанда ғана емес, баяғы бауыр болып табылатын елдердің бәрінің бас ауруы. Тәуелсіздігі қаз-қаз тұрып, елі әлі ашты-тоқты мемлекеттегі оқырман қолындағы тиын-тебенін алдымен азық алуға жұмсайтыны заңды. Оларға өкпелеуге де болмайтын еді түсінгенге. «Ақырын бер!» деп отыратын аталарымыз айтқандай, ақыры жаман емес, ел еңсесін жиғалы кітапты іздеп оқитындар табылып жатыр. Қаламақысы аз деп жазбайтындар болмаса, шын таланттар, жазбаса жүре алмайтындар кітаптарын шамасы жеткенше шығарып, оқырмандарына ұсынуда. Таралымы аз болып қалың қазақтың қолына тимей жатқаны мен оқуға тұратыны, тұрмайтыны жайында әңгіме басқа...

Бүгінде жастарға да «Кітап оқымайды!», – деп ренжімейік. Олар үшін кітапты да, газет-журналды да интернет ауыстырып бара жатқанына да өкпелемейік. Жастар қолына кітап тисе оқиды, тек талғап оқиды. Интернет арқылы қазақ әдебиеті мен әлем әдебиетін оқып отыратынын әр отбасы өз баласынан байқап жүрміз. Дүкеңнің тәуелсіздіктен бергі жазған шығармаларын интернеттен оқып, «Меломан» сауда жүйесінің дүкендерінде орыс тілінде де, қазақ тілінде де көп тұрғызбай алып кетіп жүрген осы бүгінгі заманның жас оқырмандары. «Когда я умирал» және «Терезенің жарығы» атты әңгімелер жинағын орысша «Самый читаемый писатель», қазақша «Оқырманы қисапсыз жазушы» сериясымен он мың тиражбен шығарғанда да қаны жерге тамбаған.

«Біздің елімізде жазушы Дүкенбай Досжанды білмейтіндер кемде-кем десек қателеспейміз. Тырнақалды әңгімесін он бес жасында жариялаған, содан бері өз оқырмандарына жүздің үстінде әңгіме, жиырмадан астам хикаят, оннан астам роман ұсынған Дүкең қазақ әдебиетінің көсегесін көгертіп жүрген қабырғалы қаламгерлердің бірі еді. Әлі де беретіні мол еді. Әттең, сұм ажал арамыздан ертерек алып кетті. Мемлекеттік сыйлықтың және М.Әуезов атындағы ұлттық сыйлықтың иегері, есімі АҚШ-тың «Әдебиет және өнер адамдары» энциклопедиясына, Ұлттық және Абай энциклопедияларына енген оның кітаптары әлемнің 20-дан астам тіліне аударылып, 7,7 млн. таралыммен басылған. Ол біздің еліміздегі оқырманы ең көп жазушы еді.

Қалың оқырман оның әр кітабын асыға күтетін, әріптестері де осыған дейін кітаптан кітапқа көшіп, халықтың көңілінен шығып жатқан көл-көсір дүниені төгіп-төгіп тастаған Дүкең енді не берер екен дегендей, әр қадамын жіті қадағалап, шығармашылық табыстарына ортақтасып отыратын. Белгілі қаламгер Герольд Бельгер: «Д.Досжан тақырыбы бейне домбыраның қос ішегі секілді: бірі – қоңыр үнді көне тарихи оқиғалар тізбегі; келесісі – ащы шындығымен құлаққа қытымыр, шыңылтыр естілетін қазіргі өмірдің өз үні», – деп оның парасат-пайымына, азаматтық ұстанымына тәнті екенін білдірсе, қазіргі қазақ әдебиетінің көшін бастап келе жатқан заңғар жазушы Әбіш Кекілбаев: «…жазушының суретшілігі басым, сөздің ішіне түсіп жазатын қазбагер жазушы», – деп оның тереңдігі мен шеберлігін дәріптейді, – дейді жазушы, журналист Жарасбай Сүлейменов Дүкең өмірден өткен соң «Түркістан» (2014 ж. 9 ақпан) газетінде жазған «АЛМАС СЕЗІМ. Дүкенбай Досжан шығармасындағы махаббат пен ғадауат» деген мақаласында.

Замандас қаламгерлері «Қазақ прозасының деңгейін озық өреге, әлемдік тұғырға көтерген нағыз кәсіби жазушы болды», – деп баға берген Дүкең армансыз жазды ма? Оның айтпағаны, қаламына ілінбеген ой-арманы бар ма еді? – деп кейде менен халқы жары әрі рухани серігі ретінде сұрайды.

Дүкеңді қазақ әдебиетіндегі өнімді жазатын жазушы, – деп достары көтермелесе, енді бір дарынсыздар «аз жазса да, саз жазу керек» деп сыртынан тиісіп те жүретін. Жоғарыдағы оқырмандары берген бағасына қарасаңыз «Досжан көп жазыпты ол көпірме», – деп ешкім айта алмайды.

Дүкенбайдың «Жусан мен гүлдер» жинағы 24000 таралыммен 24 жасында (1966 ж.) «Жазушы» баспасынан шыққан!

Кітаптың алғашқы бетіндегі «Қымбатты оқушы! Осы кітаптан алған әсерің жайлы пікіріңді жібер. Алматы қаласы, Коммунист проспекті, 105 үй, «Жазушы» баспасы» деген ескертпені оқыған әр оқырманның пікірімен баспаны хат басып қалған. Ол хаттар өз ұлтының тарихи туралы білуге сусап жүрген Ұлы мәртебелі оқырмандардан келген болатын.

Жиырмаға жаңа жеткенде «Отырар» повесін жазды. Оны сол кездегі ең таралымы жоғары, кез келген мақаланы баса бермейтін – «Лениншіл жас» газеті апта бойы үзбей басып, оқырмандардың ризашылығына бөленді. Жас талапкерді ұлты таныды!

Досжановты ұлтының тарихи прозасының негізін салу бақытына ие еткен оның бойындағы жан таптырмай, ой түссе болды тұлпардай тықыршытып, жазбасына қоймайтын ерен таланты еді.



Көп сөйлемейтін, томаға-тұйық бозбаланың керемет ізденгіштік, құйма құлақтық, мықты зерде, төзімділік сияқты өз тұрғыластарынан өзгешелігі болатын. Сабақтан босай сала орталық кітапханаға жүгіріп, түстігіне сұйық сорпа ішіп алып, кітап теңізіне сүңги кететін. Өзінің әзілдеп айтатыны бар, «мен кітапханаға қонып, мұрағаттарға түнеп тарих қопарып жүргенде бірге оқитын әдемі қыздардың бәрін еті тірі, өнерлі жігіттер алып кетіпті», – деп.

Қаратаудың қойнауындағы ауылында қатарластарымен бірге штанга көтергені болмаса, спортпен де айналыспаған. Алпысыншы жылғы жастардың кумирі болған Радж Капур түскен ғажайып үнді киноларын да тамашаламаған. Тіпті, сол заманның кереметі опера және балет театрына да бармаған. Би кештерінде табан тоздыру түгілі, жастардың ойын-сауық кештері дегеннен уақытымды алады деп аулақ жүрген. Шахматты мектепте жақсы білген, аудандық, облыс көлемінде жарыстарға қатысып жүргенімен студент болған соң оны да тастап кеткен.

Күллі қызықтан безіндіріп, мұрағаттан мұрағат жағалатып, тарих оны өз тереңіне тарта берген...тарта берген.

Сол жиырма мен отыздың арасында ұлтының тарихын тірілтіп, өзге өркениетті елдер секілді – қазақ ұлы өзендердің бойына Отырар, Сығанақ, Жент, Сұяб, Баласағын, Ортасағын, Бассағын, Қимақ, Бұзоқ секілді бекініс, қала салған деп мақалалар жазды. Өркениетті жапон, қытай, ағылшын секілді қазақтың да өзге ұлттарға ұқсамайтын салт-дәстүрін ұлықтап Шабандоз, Көкпар, Қымыз, Бастаңғы, Екі дүние есігі, Күміс керуен атты көркем әңгіме, хикаяттар тудырды.

Сол бастағаннан жарты ғасырдан астам өмірін іздену мен жазуға жұмсады. Қатарластарымен карта да ойнамаған. Кейде бір қатты шаршағанда болмаса кино да қарамайтын. Шақырған қонақтыққа да бара бермейтін. Тіпті отбасында артық сөйлеп, әзіл де айтпайтын Дүкең бар саналы ғұмырын қазақ әдебиетіне арнады. Елге шығып, ауылдағы шешендер мен шежірешілерді, тарихты терең білетін қарияларды тыңдап қайтатын. Ойына алғанды терең зерттеп жазып, көп оқып, тіл шеберлігін жетілдіріп отыратын. Екеуміздің илегеніміз бір терінің пұшпағы болған соң, кейде жұмыста бір нәрсені бастай алмай отырсам, кеңес сұрайтынмын. Сонда ол маған керек деген автордың аты жөні, кітаптың аты түгілі сол кітаптың қай жерінде маған керек нәрсе барын шамалап айтып беретін. Оның зердесіне, оқығанын тоқып алатын санасына мен таңғалатынмын.

Дүкенбай Досжанов өткен ғасырдағы алпысыншы жылдардың басында Кеңестер одағының лидері Хрущевтің пәрменімен Қазақстанды «Батыс Қазақстан өлкесі», «Орталық Қазақстан өлкесі», «Оңтүстік Қазақстан өлкесі» деп Ресей федерациясының құрамдас бөлшегі етіп жіберуді көздеген қиын кезеңде досы Сұлтан Оразалин екеуі Алматыда жасырын листовка – үнқағаз таратып, үндеместер соңына түсіп, ұстап алған. Сұр үйге апарып, жауапқа алады. Жігіттердің жігерін жасытатындай, енді қайтып ұлтына жоқшы болмайтындай әрекеттер жасайды. Сонда да жасымай, тарихты әрі қарай қаза берді, қаза берді. Естігенін, жәдігерлерден жиғанын тереңдетіп жаза берді, жаза берді...

1986 жылғы Желтоқсан көтерілісі жайлы «Алаң» жарыққа шыққанда – қазақтың ұлын ұрып, қызын сүйреп жұлдызын жоғарылатқан милиция майоры: «Кітабыңа кейіпкер етіпсің, балашағаңмен қырып кетем!» – деп телефон террорын жасағанда да ешкімге шағынбай, қорықпай, төзіп жүріп шығармаларын жалғастыра берді.

Кеңестер одағы ыдырамай тұрғанда, тәуелсіздіктен көп бұрын, 60 жыл бойына жабық болып келген Ұлттық қауіпсіздік комитетінің мұрағатына сол кездегі Жазушылар одағының басшысы Олжас Сүлейменовтің көмегімен алғаш еніп, Алаш арыстарының тергеу, хаттама құжаттарын көтеріп «Абақтыны» жазды. Дүкеңе дейін де, одан кейін де ҰҚК мұрағатына енген кісілер болған. Соның ішінде Әуезовтің, Аймауытовтың тергеу хаттамасын, үндеместерге жазған түсініктемесін, үштік үкімін алғаш жарыққа шығарып, ұлтына ұсынған Дүкенбай Досжан болды!

Ұлтқа қызмет деп осыларды айтармыз бәлкім. Қазаққа болсын деген адалдық осы шығар!

Қайтсем халқымның тарихын келер ұрпаққа жеткізем, қайтсем бүгінгіден де тереңдеу зерттеп, анықтау жазам, қайтсем бүгінгіден де алыстау ойлап, көргенімді көркем бояуымен жеткізем деп көзінің майын қалам мен қағазға сарқып, мұрағаттар мен кітапханаларды ақтарып, жанын қаламның ұшына түйіп, өз жазғанына өзі разы болмай, «мен айтпасам кім айтады» деп ғұмыр кешіп жүріп өмірден өтсе де Дүкенбайды армансыз жазды деп айтпас едім. Оның арманы орындалғандарынан көп болатын. Қатты шаршап тұрғанын не ауырып тұрғанын байқап, «Дүке, бір айдай дем алсаңызшы. Тағы бірнәрсені бастағансыз ба?», – деп жанашырлық танытсам: «Маған 80 жасқа келуге кім кепілдік береді. Сондықтан үлгеріп қалуым керек. Әлі қанша атқаратын ісім бар. Ұлттың тарихы енді ғана ақтарыла, енді ғана жазыла бастады. Мыналарды мен жазбасам кім жазады?», – деп том-том болып үйіліп тұрған мұрағаттық пәпкілерді көрсететін.

Дүкеңнің шығармаларын иемденіп кететіндер де болатын. Соның бірі кезінде халық қызыға көрген Ардақ Әмірқұловтың «Отырардың күйреуі» киносы түгелдей Д.Досжанның шығармасы бойынша түсірілген. Бірақ та еш жерде автор ретінде аты-жөні аталмаған. Оны Дүкең білсе де уақыт өзі дәлелдейді деп жүре беретін. «Отырардың күйреуі» Дүкенбай Досжановтың еңбегі екенін ол өмірден өткенде халықтың бұқаралық ақпарат құралдары арқылы жоқтауында айтылды. Уақыт өзі дәлелдегені осы шығар..

Досжанұлы Дүкенбай XXI ғасыр нарық заманының кейіпкерлерін сомдап жүрген бірден-бір қаламгер еді. 2002 жылы Астанаға көшіп келуіне байланысты жазушының екінші тынысы ашылды.

Сол жылдары жазған «Дала гладиаторлары» мен Тәуелсіздігіміздің тарихын көркем кестелеген «Ақ Орда» («Елорда» баспасы, 2005 жыл) романын оқырмандар жылы қабылдады. «Астананың бас архитекторы» деректі хикаяты «Роман-газета» (2007 жыл) басылымына шығып, орыс тілді оқырманның игілігіне айналды.

«Алматы ақшамы» газетінің тілшісі: «Қазіргі көзі тірі прозашыларды сапқа тізсе – өзіңізді қай орынға лайықпын дер едіңіз», – деп жазушыны сөзге тартты. Дүкенбай Досжан: «Жалықпай іздену, дүниені суретпен көру, жаңаша ой айту жағынан алдыма Кекілбаевты, Мағауинді ғана саламын, өзімді үшінші орынға қояр едім», – деп жауап берді («Алматы ақшамы», №46, 2005 жыл, 21 сәуір). Жазушының осы сөзінің шындық екенін оның шағармаларын сүйіп оқитын Ұлы мәртебелі оқырманы жақсы біледі.

Дүкенбай Досжанның лексикасы мен қара сөзіндегі адам феноменін қарастырған кандидаттық диссертациялар қорғалды. Сәуле Сейденованың «Судьба писателя» (2008), Алпысбай Мұсаевтің «Д.Досжан шығармаларының көркемдік көкжиегі» (2011) деген монографиялары жарық көрді. Хамза Көктәндінің жазушы туралы «Ой гладиаторы» (2005) кітабы шықты.

**Қазіргі "Шіркейлі" ауылының аты бұрын "Қызылту" колхозы болған. Осынау шағын ауылдан үш жүзге мәшһүр Тапал ахун атты діни білімпаз шыққан. Қазақстанның Халық жазушысы айтқыр Қалтай, ақын Әбіраштің балалық дәуірі осы жерден басталған. Ауыл шаруашылығының академигі атанған Жаңабай Азаматов, дән дариясын тасқындатқан диқандар Қыдырқожа, Балдырған, Бексұлу, Орынкүлдер еңбегі жанған құнарлы топырақ. Ал, қазір осынау диқандар дәстүрін Аббас Камалатдин жалғастырып жатыр.**



# АЙТҚЫШ НҰРХАБАЕВ

*Журналист Орман Нұрхабаевтың 100 жылдығына орай*

Бұл ауылдың тарихын әріден қозғасақ, атақты Ұлбикемен айтысатын Күдері ақынның кіндік қаны тамған өңір. Биыл осы өңірден түлеп ұшқан айтқыр журналист Орман Нұрхабаевтың 100 жылдық мерейтойы бастау алады.

Бүгінгі әңгімеде осынау ардагер-журналистің, бар ғұмырын журналистика саласына жұмсаған ағаның өмір жолын баяндауды парыз тұттық.

Біз аға буын журналистердің ортасында өстік, жетілдік, тәрбиесін алдық, шеберлік шыңдадық, сөзін тыңдадық. Өңшең әскерден оралған ағалар ортамызда болды, әңгіме-дүкендері, әзіл-оспақтары жарасымдылығы әлі жадымда. Офицер журналист Досмағанбет, Құрманғали, Әбділда, Әбсадық ағалар редакцияның бір-бір бөлімін ұзақ жыл басқарды. Екі тілге бірдей Досмағанбет аға әсіресе орыс әдебиетін шемішкедей шағатын. Институтты сырттай оқығанда ұстаздары әскери жауынгердің білімдарлығына сүйсініп, білім ордасына шақырды. Бірақ, Досекең журналистік кәсіпке ат басын бұрды. Алдымен әскери комиссариатта, плотина су торабында, сонан соң обкомда қызмет істеп, "Ленин жолына" (қазіргі "Сыр бойы") оралды. Бірнеше очерктер, эсселер жазды, әңгімелер жинағын баспадан шығарды. "Асқабақ па керегі?", "Кешіккен Жәмеке" атты деректі туындыларын оқырмандар сүйсіне оқыған еді-ау. Құрманғали Ажаров, Мырқы Исаев газеттің нағыз су төгілмес жорғасы болды. Бұлар кез келген тақырыпқа лезде қалам сілтеп төгілтіп тастайтын. О кезде газетке орысша материалдар көп келетін. Аударманың "құдайы" атанған Қалыбай Бөршеев күй таңдамай машинкада диктовкада отыратын "Правда" газетінде жарияланған "Ақ күріштің белең шағы", "Соғылған карта", "Қызылордаға барсаң – үйлі боласың" атты дүниелерді қазқалпында майын тамыза аударған ағаларға әлі таңырқаймыз. Журналист Әбсадық Жанзақов сөзді қиыннан қиыстырғыш болатын. Зейнетке шығарып салатын жиналыста "Менің о дүниеге аттанар күні беретіндерің бүгін берсеңдер!" деп мінбеден түскенін Ұзақ марқұм жиі айтатын.

Ортамызда әзіл-оспақтың қамшы салдырмас тізгінін ұстап, қыран-топан күлкіге батыратын Орман, Сақтапберген ағалар мүлде бөлек тұлғалар болды. Сұрапыл соғыс кезінде "бронмен" баспасөздің қазанында қайнаған журналист Орман Нұрхабаев жайында әңгіме-естелік, "Орман айтыпты" деген әзіл-қалжың жетерлік. Сол Орман ағаның дүниеден өткеніне жиырма жылға жуықтап қалды. Көзі тірі болса биыл 100-ге толар еді.

Бір жігіт таяуда түн мезгілінде есік қоңырауын шылдыратты. Сыртқа суыт шығып, бейтаныс азаматты төрге шығардым.

– Аға, мен полковник-зейнеткер Ахан Оразов деген ініңіз боламын. Төретамда тұрамын. Қазір "Сыр бойында" баяғы ағалардың көзін көргендер сирексіген, өңшең жастар. Менің әкемнің нағашысы журналист Орман Нұрхабаев екенін біреу біліп, біреу білмейді. Жақында жаны жайсаң, ауызша әңгімені нағыз айтқыры Орекең жүз жасқа толғалы отыр. Соған бүкіл ағайын-туыс ас бергелі жатырмыз. Бір естелік жазуды өтінгелі тұрмын. Қалың оқырман о кісіні біле бермес. Көзін көргендерден сіз ғана болып тұрсыз, қалай қарайсыз?

– Жақсы інім. Орекең жайында естелік сыр шертуді мойныма алайын. Кейін хабарлас, маған мәулет бер, ойланып-толғанайын.

– Жарайды аға! – деп Ахан інім орнынан қозғалды. Сонымен ілтипаты бөлек азаматтың өтінішін орындауды парыз тұттым. Бұған бірер ай болып қалды. Орекеңді қағазға түсірудің сан алуан ой тұңғиығына түстім. Орекеңнің інілері Тәнеш аға, Әсемкүл апа, Қазыбай, Аббас сынды інілеріммен сырластым. Бұлар да бір таңға жетерлік әңгіме тізгінін сабақтады.

Орекең соғыстан соңғы жылдары Шиелі аудандық "Стахановшы" газетінде редактор болды. Газет беделін көтерді. Жұртты еңбекке жұмылдырды, кемшілікті бүкпесіз ащы сынмен өрбітті. Фельетон жанрында қалам сілтейтін Сейітқасым Сейтеновті, Жүніс Шәукебаевты нағыз көмекшісі етті. Нартай бастаған ақын-жыраулардың өлеңдеріне қамқор құшағын ашты.

Облыстық партия комитеті сонау елуінші жылдары білікті басшы, редактор Орман Нұрхабаевты облыстық "Ленин жолы" газетінің партия тұрмысы бөліміне меңгерушілікке ұсынды. Бұл қызметті ұзақ жыл атқарған Орекең кейін газеттің ауылшаруашылық бөлімінде жалғастырды. Сонымен, екі бірдей бөлімде отыз жылдай еңбек етіп, шебер ұйымдастырушы, насихатшы екенін ұшқыр қаламымен танытты. Ауыл мәдениетін көтеру, күріш шаруашылығының өрісін кеңейту, мал шаруашылығын өркендетудің проблемаларын көтерді. Суармалы егіншіліктің сан алуан қырын қозғады.

Бір оқиға ойға оралады.

Газеттегі дүниелер о кезде қазіргідей компьютер жоқ, машинкаға басылады, баспаханада әріп қолмен теріледі, қорғасынға құйылады. ҚазТАГ дүниелері орысша, оны аудару керек. Қала берді Хрущевтің ұзын-сонар баяндамасы газеттің көлемін сегіз бетке дейін ұзартатын кез. Түн бойы кезекші болып, таңертең қол қойып әрең шығамыз. Әр жердегі ауыл-аудан меншікті тілшілерінің жазғандарына газеттен орын тимей жатқаны жиі реніш туғызатын.

Бір күні Қазалыдағы меншікті тілші С.Қожаниязов бөлім меңгерушісі Орекеңе реніш білдірді. Телефондағы өкпе басылар емес.

– Жолдас Нұрхабаев менің жазған дүниелерім газетке шықпай жатыр. Қаламақы аз. Бала-шаға тарығуға айналды. Неге ойламайсыз? – деді Қожаниязов.

– Ә, өкпеңіз орынды Қожаниязов! Ертеңгі нөмірге сіздің бар жазғандарыңызды салып жатырмыз. Ертең поштаны күтіңіз. Бүкіл редакция ұйғарымы осылай, – деп Орекең телефонды орнына қойды. Отырған біз аң-таңбыз. Ал, ертеңгі нөмірге Хрущевтің сала құлаш баяндамасы жарияланып жатыр еді. Бүкіл нөмір Қожаниязовқа арналғаны қалай? – деп бір-бірімізге күбірлейміз.

Қойшы, сонымен Қожаниязов Қазалы вокзалына келетін пошта пойызын күтіп, газетті қолына алып беттерге көз жүгіртсе керек. Бүкіл нөмір Хрущевтің баяндамасы. Қожаниязов дереу Нұрхабаевқа тағы телефон соғады.

– Ау, Ореке, менің жазған дүниелерім бүгінгі нөмірде жоқ. Сіз бір бет саған арналады, – деп едіңіз?

– Иә, Қожаниязов айтқаным рас. Хрущевтің баяндамасын алып тастап, сенікін қалай саламыз? Енді бұл өкпеңді Орталық Комитетке айт! Менің жаным екеу емес. С.Қожаниязов үнсіз телефонды тастай салып, содан кейін Нұрхабаевқа телефон соғуды доғарғанын талай рет айтқаны бар.

Бірде Орекең нағашыларымен бірге базарға барғаны әлі күнге ел аузында. Жақып деген нағашысы базарды көп аралайды. Күн ыстық, Орекең шөлдейді. Сусын ішейік демей, нағашысы бір тоқтыны сатып алғанға ұқсайды. Бұларды қатырайын деп нағашысын тоқтысымен бір бұтаның түбіне отырғызып, өзі такси ұстауға кеткен болады. Нағашылары әрі күтіп, бері күтіп, шөліркеп бір көлікпен Орекеңді іздейді. Іздесе Орекең үйде ұйқыны соғып жатқан көрінеді.

– Ау, Орман-ау, мынауың қалай, такси әкелем дегенің қайда?

– Ой, өздерің қызықсыңдар. Соңдарыңнан еріп шаршадым, шөлдедім. Содан соң сендер базарға қона салатын шығар деп тастап кеттім, – депті. Нағашылары аң-таң болып, Орекеңнің қолын ала беріпті деген бар.

Бір көңілі жақын құрдасы Ләтіп деген азамат сырқаттанып жатып қалса керек. Орекең көңілін сұрауға ертелетіп келіп отырыпты. Ләтіп бір стакан арақ құйыпты. – Тез жазыл, Ләтіп! – деп Орекең сыртқа шығып, есік алдында тұрыпты. Тағы біреу көңілін сұрауға келсе, соған еріп баруды ойлайды. Сәлден соң Мәдемхан деген кісі көзге шалыныпты.

– Ләтіп қалай екен, Ореке? – депті Мәдемхан.

– Жақсы. Сенімен бірге мен де кіріп шығайын.

– Жүріңіз!

Қойшы, Орекең сол күні Ләтіптің көңілін сұрауға тоғыз рет келіпті. Ләтіп не дерін білмей:

– Сен менің көңілімді бұлай сұрамашы, – деп өтініпті деген бар.

Тағы бір қызық әріптесіміз, талантты журналист Дархан бір әңгімені жиі айтатын. Кезекшілікке адамның реті келмей, редактор Орекеңді үйінен шақыруға Дарханды жібергені бар.

– Ореке, сіз бүгін кезекшісіз, редактордың тапсырмасы солай.

– Ә, дұрыс дүкеннен бір бөтелке арақ әкел, мә бес сом!

Екеуара бөтелкені қақ бөліп ішіп алады. Сәлден соң:

– Нұрхабаев мас де, қонақтан келіпті де. Ал, мен ұйықтаймын. Редакторға сәлем айт.

Сонымен Дархан редакторға осы әңгімені айтқан ғой. Үзекең қарқ-қарқ күліп:

– Онда сен өзің бол, Дархан, – деп Орекеңнің орнына бір түнгі кезекшілікті Дарханның өзі атқарғаны бар.

Бұл Орекең облыстық баспаханада көп жыл директор болды. Зейнетке шығар жылы обком жиі шақырып, арызыңызды жазыңыз, зейнетке шығуға келісім беріңіз дегенді жиі айтатын болса керек. Содан Орекең обком хатшысымен сыйлас Еламанға барып:

– Тағы бір жыл істейін. Мені бір жыл қозғамай тұрсыншы, Еламан?

– Жақсы, Ореке, айтайын.

Бір жыл біткен соң обком хатшысы:

– Орынды босатыңыз, Нұрхабаев! Бір апта уақыт береміз!

Содан Еламанға тағы барып:

– Ореке, өзіңіз тағы бір жыл істейін дедіңіз. Бір жыл істедіңіз. Енді келісім беріңіз.

– Түу, Еламан-ай, сен де бір жылды ұмытпайды екенсің, мен бірер жыл деп едім ғой.

– Түу, Ореке-ай! – деп Елекең қарқ-қарқ күлген көрінеді. Сонымен Орекең тағы да бірер жыл баспаханаға басшы болған-ды.

Журналист Орман Нұрхабаев зейнетке шығып, сексеннен асқан кезде дүниеден озды. Қарашаңырақ редакцияға соғып, Әскербек, Өтегенге, сонан соң маған жиі келіп, әзіл-оспақты төгіп, қыран-топан күлкіге кенелтіп кететін. Зайыбы Алмагүл де жаны жайсаң жан еді. Екеуі де бірінен соң бірі о дүниеге аттанып кетті. Жақсының шапағатын халық қашанда қадір тұтпақ. Облыс орталығында О.Нұрхабаев атындағы көше бар. Мұның өзі қаламгерге деген үлкен құрмет.

Шүкір, Орекеңнің ұл-қыздарынан тараған ұрпақтар жетіліп келеді. Туған қарындасы Әсемкүл апай қалада тұрады, тоқсаннан асып қалды. Өзінің көзіндей Марат зайыбымен бірге Орекеңнің орнын жоқтатпай отыр. Бүкіл әулет Орекеңнің туған күнін, пәниден өткен күнін бір күн атаусыз қалдырмай, дұға оқытумен келеді.

Сыр өңірінде орақ тілді, от ауызды Орекең туралы Қазақстанның халық жазушысы Қалтай Мұхамеджанов:

– Орекең дастарханның ажары, әрі базары. Айтқыр Орекең қоғамның санитары ғой. Әзіл-оспағының түптамырында ащы мысқыл, тауып айтар тапқыр сөздің уәжі жататын. Құймақұлақ көненің көзіндей Орекең сөзін жинастырып, ұрпаққа ұсынсақ артық емес, – деген еді.

Иә, Орекеңнің тапқыр сөздерін жинастыру, баспадан шығару – біздің парызымыз.

**Қайырбек МЫРЗАХМЕТҰЛЫ.**

*Журналист Орман Нұрхабаевтың 100 жылдығы "Дәстүр" мейрамханасында 18 қыркүйек күні сағат 12.00-де басталады.*

# ІСКЕРЛЕРДІ ҚОЛДАСАҢ – ІС БІТЕДІ

**Бүгінде Елбасы тапсырмасына орай елімізде кәсіпкерлікті қолдауға баса мән берілуде. Шағын және орта бизнесті жөн-жосықсыз тексеруге жыл аяғына дейін тыйым салынған. Содан болар жыл өткен сайын кәсіпін нәсіп етушілер қатары да көбейіп те келеді. Десе де, бизнестің кеңеюіне кедергі келтіріп жүрген жайттар де жоқ емес. Оған жақында Жалағаш ауданы әкімі Т.Дүйсебаев аудан аумағындағы кәсіпкерлермен кездесіп, ашық әңгімелескенде көз жеткіздік.**

Жиын барысында негізсіз тексерулердің көп іске қолбайлау екендігі баса айтылды.

– Жасыратыны жоқ, – деді жеке кәсіпкер О.Ахметов, – аудандағы кәсіпкерлік саласы мен жеке кәсіпкерлер арасында мүлдем байланыс жоқ. Содан да кәсіп иелерінің жұмыстарын жандандыруға көптеген кедергілер кездесіп отырады. Осы мәселе шешімін таппай, саланы өрге бастыру әсте мүмкін емес.

Ал, кәсіпкер К.Сауранбекова кәсіп иелеріне көңіл бөлінбей, ескерусіз қалумен жүргенін тілге тиек етті.

– Кәсіпкерлер ауданымызда кіші өндіріс орындарын ашса, жұмыссыздар қатарын азайтуға да сүбелі үлесін қоспайды ма? Тұрғындар да жергілікті тұрмыстық өнімдердің нәпақасын алар еді, – деді К.Сауранбекова.

Кәсіпкер Б.Сейітова Жалағаш кенті ішінен көкөніс сақтайтын қойма салғысы келетінін, алайда, сол құрылыс басына электр желісін жеткізу қолбайлау болып отырғанын ашына айтса, Е.Жайлыбаев өз қаржысы есебінен кент ішінен халыққа тұрмыстық қызмет көрсететін екі қабатты орталық ашқысы барын, десе де, құрылысты бастайтын жер учаскесін алу үшін көптен бері тиісті мекемелердің есіктерін тоздырып жүргенін жеткізді. Сондай-ақ, К.Қанатбаева, М.Тұрғановтар өз кәсіптеріне байланысты құжаттарды дайындауда жылдар бойы сергелдеңге салынып, тиісті мекемелердің кедергі келтіріп отырғандықтарын да жасырмады.

Кәсіпкерлердің мұң-мұқтаждарын байыппен тыңдап, сарапқа салған аудан әкімі шынында да Жалағаш ауданында өзге аудандармен салыстырғанда кәсіпкерлерді қолдау жағы кемшін екендігін, сондықтан да олардың үлкен жобаларды жүзеге асыруда мүмкіндіктері шектеліп отырғандығын жеткізді. Осы орайда аудан басшысы кәсіпкерлік саласы басшысы С.Кариповке аудан аумағындағы кәсіпкерлердің ай сайын басын қосып, ақылдаса отырып, түйінді мәселелерді шешуге дер кезінде ықпал етуді қатаң тапсырды. Сондай-ақ, мемлекет тарапынан кәсіпкерлерге берілетін жеңілдіктер мен қолдаулар барынша түсіндіріліп, насихатталуы керек-ақ.

Жиын соңында аудан аумағындағы кәсіпкерлер мен мемлекет тарапынан осы саламен айналысатын мекеме басшылары бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығара отырып, яғни, бірлікпен тірлік жасауға келісімге келді.

**Е.АҚҚАЛИҰЛЫ.**
Жалағаш ауданы.

**Қызылорда қаласы бойынша салық басқармасында мемлекеттік қызметкерлер, құқық қорғау органдары мен қоғамдық ұйымдар өкілдері, салық төлемгерлеріне арналған семинар-кеңес болып өтті. Семинар-кеңесті Қызылорда қаласы бойынша салық басқармасы басшысының орынбасары Қазтай Әбдреев ашып, күн тәртібін таныстырды.**

# САЛЫҚ САЛАСЫНДА ЖАҢАЛЫҚ КӨП

Басқарманың өндірістік емес төлемдер бөлімінің басшысы Жанат Қарсақбаева қатысушыларға мүлікті жариялауға рахымшылық ету туралы заңы жайлы толық мағлұмат бере отырып, оны жергілікті жерде іске асырылу тетіктері жайлы айтып өтті. «ҚР азаматтарына, оралмандарына Қазақстан Республикасында ықтиярхаты бар адамдарға олардың мүлікті жария етуіне байланысты рақымшылық жасау туралы» заңын іске асыру мақсатында Қызылорда қаласы бойынша салық басқармасының 2014 жылғы 25 тамыздағы № 174 бұйрығымен комиссия құрылып, 2014 жылдың 1-қыркүйегінен бастап 2015 жылдың 30 қарашасы аралығында азаматтардан ел аумағынан тыс жерлердегі мүлікті жария ету үшін құжаттарды қабылдауды жүзеге асыруда. Мүлікті жария етуге ынта білдіруші азаматтардан құжаттар қабылдау және өңдеу мақсатында арнайы бөлме жабдықталған. Онда мүлікті жария етуге байланысты Заң мәтіні, Нұсқаулық құжаттар және тапсырылатын құжаттар тізімі ілінген.

Қала бойынша жүргізілген рейдтер барысында заңсыз такси қызметімен айналысушылар анықталып отыр. Оларға заңға сәйкес әкімшілік шара көріледі. Бұл туралы семинарда салық төлемгерлерімен жұмыс жүргізу бөлімінің басшысы Ерлан Аймаханов хабарлап, заңсыз кәсіпкерлікпен айналысып жүрген тұлғаларды салық басқармасына дара кәсіпкер ретінде тіркеу жайын түсіндіріп өтті.

Семинарда Қызылорда ауданаралық мамандандырылған әкімшілік сотының судьясы Шалқар Қожантаев салық салу саласындағы орын алып отырған құқық бұзушылық туралы деректерді келтірсе, салық басқармасының жеке кәсіпкерлердің ақпараттарын қабылдау және өңдеу бөлімінің басшысы Ақмарал Шамшаева еңбек мигранттарының Қазақстан Республикасы аумағында жұмыс атқару тәртібі туралы айтып өтті. Жеке табыс салығы бойынша алдын ала төлем әр жұмысшы иммигрантқа «Республикалық бюджет туралы» заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарында қолданыста болған айлық есептік көрсеткіштің (АЕК) 2 еселенген мөлшерінде (1852х2=3704 теңге) әрбір ай үшін есептелінеді. Жұмысшы иммигрантқа есептелінген жеке табыс салығын иммигранттардың өздері төлеуі тиісті. Бұл мақсатта Қазақстанға ТМД елдерінен келген шетелдіктер жеке сәйкенстендіру нөмірлерін алып, уақытша мекен-жайлары бойынша салық органдарында тіркелуі қажет. Алдын ала төлем еңбек иммигранттарының орналасқан жері бойынша көші-қон полициясы органдарынан рұқсат алғанға дейін (ұзартылғанша) бюджетке төленеді. Яғни, келушілердің жеке табыс салығы төленбеген жағдайда, көші-қон полициясы оларды тіркеуге алмауы тиіс.

Бүгінгі таңда салық басқармасы тарапынан салықтық төлемгерлерінің салықтық мәдениетін арттыру, қызмет көрсетуді жаңа деңгейге көтеру бағытында біршама жұмыстар атқарылуда. Семинар-кеңесте осы енгізілген жаңа стандарттар туралы заңды тұлғалардан ақпараттарды қабылдау және өңдеу бөлімінің бас маманы Эльмира Піржанова кеңінен түсіндіріп берді.

Ал ұйымдастыру бөлімінің басшысы Салтанат Ержанова сыбайлас жемқорлық әрекеттердің алдын алу болдырмау бағытында басқармада заңдылық аясында үнемі және жүйелі түрде жұмыс жүргізіліп келе жатқаны туралы айтып берді. Халыққа сапалы қызмет көрсету, жемқорлыққа жағдай туғызбау мақсатында «Ақпаратты қабылдау және өңдеу орталығы», «Салық төлемгерлерінің терминалдары» қызмет атқарады.

**Ы.ТҰРЛЫҒҰЛОВ.**

“ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ – 2020”

# ИГІЛІККЕ БАСТАР ЖОЛ

**«Жұмыспен қамту-2020» жол картасы бағдарламасы аясында ұйымдастырылған баспасөз-туры барысында ақпарат құралдары өкілдері Сырдария ауданында болған еді.**

Алғашқы аялдама туристерге арналған «Ғажайып әлем» демалыс аймағы болды. Ол облыс орталығынан жиырма шақырымдай қашықтықта жатқан Иіркөл жағасында орналасқан. ЖК директоры Светлана Когай бұған дейін гүл бизнесімен айналысқанын жеткізді.

– Бизнес түрін ауыстырып, өзге бір ерекше іспен айналысқанды жаным қалады. Жыл сайын жаз айларында Қапшағайға, Қамбашқа, Ыстық көлге барып демалып қайтып жүрдім. Осындай сапарлардан кейін біздің қаламызда да сол жақтағыларға ұқсас демалыс орнын неге ұйымдастырмасқа деген ой келді, – дейді бұл туралы Светлана бізбен әңгімесінде.

Жұмысты бастардың алдында кәсіпкер аймақты тазартып алады. Осыдан соң жағалауға арнайы қызыл түсті құм жеткізіп, жағалаудағы су түбін тереңдетті. Демалыс аймағында бес киіз үй және бес сәкі орналастырылған. Одан бөлек, жоғары деңгейде қызмет көрсететін арнайы номерлер бар. Балық аулайтын тоған ұйымдастырылып қойылған. Мұнда суда қайықпен серуендеуге, жағалауда тоспадоп ойнауға болады. Бұл жаққа қаланың у-шуынан тынықкысы келген қызылордалықтар отбасымен, ұжыммен келіп демалып қайтып жүр.

– Мұндай жобаны жүзеге асыру үшін мен «Жұмыспен қамту – 2020» бағдарламасы бойынша үш миллион теңгелік грант алдым, – дейді С.Когай, – бұл кәсіпкерлер үшін тиімді бағдарлама. Пайыздық ставкасы төмен – жылдық өсімі алты пайыз ғана. Осындай қолдау жасап отырғаны үшін мемлекетке рахмет айтамын.

Журналистер осыдан кейін келесі нысанда – Қайрат Қаниев басқарған «Қайрат» несие қауымдастығының шаруа қожалығында болды. Шаруашылық дарияның ескі арнасының суы қоршап жатқан аралда орналасқан. Табиғаты көркем аймақ қалың тоғайларымен, тораңғылдар өскен алқаптарымен ерекшеленеді. Мұнда жабайы аңдар да жеткілікті.

– «Жұмыспен қамту-2020» бағдарламасының арқасында «Байқоңыр» ӘКК және «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ филиалының шағын несиелендіру жөнінде ұйымдастырған конкурсын ұтып алдық, – дейді Қанат Қаниев, – 22 миллион теңге көлемінде несие алдық. Жеңілдік мерзімі он сегіз ай, әр тоқсан сайын төлем жасап тұрамыз. Малмен айналысуды әкемнен үйренгенмін. Сондықтан, қауымдастық мүшелері шаруашылық тізгінін маған сеніп ұстатты. Несиеге алған қаржыға қырық мүйізді ірі қара малын және қырық жылқы сатып алдық. Сүт, ет секілді өнімдерімізді Қызылордадағы сауда орындарына өткіземіз. Келесі жылы сүт цехын ашуды жоспарлап отырмыз, мұның өзі жаңа жұмыс орындары екені белгілі.

Ақпарат құралдары өкілдері болған соңғы нысан жас фермер жетекшілік жасайтын «Жетіқазына-Бесарық» несие қауымдастығының фермерлік шаруашылығы болды. Шаруашылық Бесарық ауылы аймағында орналасқан. Қ.Мухимов «Байқоңыр» ӘКК арқылы 40 миллион теңге несие алғанын айтты. Содан кейін әрқайсысы бес келі тартатын «Кучинский», «Орловский» және «Первомай» тұқымындағы 1500 тауық сатып алған. Алматы облысынан атақты Знаменск сүт тұқымды елу ешкі алдыртқан. Шаруашылықта одан бөлек жылқы үйірі, отыз сиыр және отыз бұқа бар. Өнімдерін қаладағы базарларға өткізеді. Тапсырыс берген үйлерге жеткізіп беруді жолға қойған. Фермерлер мұнымен тоқтап қалғысы жоқ. Шұжық цехын ашу жоспарлары бар. Шаруашылық жетекшісі мемлекеттік қолдаудың арқасында ойлаған жоспарлары жүзеге асып жатқанын айтады. Енді тек жалқауланбай жұмыс істеу керек дейді. Қазір шаруашылықта он жеті адам жұмыспен қамтылған, шұжық цехы ашылуымен тағы да жаңа жұмыс орындары ашылады.

Баспасөз-туры соңында облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының бас маманы Нұрлан Аманханов бағдарламаның басты мақсаты тұрғындарды жаңа мамандықтарға оқыту мен жұмыспен қамту, жаңа кәсіптерін ашуға және оны дамытуға қолдау көрсету, жұмыссыздықтың өсуіне жол бермеу екенін жеткізді. Ол жаңадан жұмыс бастап жатқан бизнес өкілдерінің жобаларын қаржыландыру мәселелері шешіліп жатқанын атап өтті.

**Ыдырыс ТӘЖІҰЛЫ.**

# «ЭЛЕКТРОНДЫ ҮКІМЕТ» ХАЛЫҚҚА ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУДЕ

Облыстық мұрағаттар мен құжаттама басқармасына қарасты 10 мұрағат мекемесі «Мұрағаттық анықтамалар беру» мемлекеттік қызмет көрсету регламентін басшылыққа алып, көрсетілетін қызметті жүзеге асырып келеді.

Аталған қызмет жеке және заңды тұлғаларға электрондық нысанда www.e.gov.kz «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы, халыққа қызмет көрсету орталықтары және баламалы негізде тікелей мұрағат мекемесінде орындалады.

«Электрондық үкімет» веб-порталы арқылы мұрағаттық анықтама алу электронды-цифрлық қолтаңбаның (бұдан әрі - ЭЦҚ) көмегімен электрондық сұрау жасаған тұлғаға белгілі болуы тиіс. Ол үшін тұтынушы www.pki.gov порталы арқылы электронды-цифрлық қолтаңба алуға өтінім береді. Бұл тұрғындардың уақытын үнемдеуге және қажетсіз құжат айналымының санын азайтып, қағазбастылыққа жол бермеуге көп көмегін тигізеді.

Тұтынушы www.egov.kz «электрондық үкімет» веб-порталында электрондық цифрлық қолтаңбасы арқылы тіркеледі. «Электронды мемлекеттік қызметтер» тізімінен «Мұрағаттық анықтамалар беру» қызметін таңдап, үлгілік бланкіні толтырады. Толтыру барысында тиісті құжаттардың (азаматтың жеке куәлігі, еңбек кітапшасы, тұтынушының электронды мекен-жайы, т.б.) сканерленген көшірмесі сұралады. Сондай-ақ, толтырылатын бланкте өтініштің мазмұны толық көрсетілуі тиіс. Сол уақытта, яғни бар болғаны 5-10 минуттың ішінде сұраныс мұрағат мекемесіне түсіп, тіркеледі. Регламентке сәйкес, өтініштің сипатына қарай 12 күн мерзімге дейін немесе жекелеген жағдайларда 25 күн ішінде жауап сол электронды поштаға жолданады.

2013 жылғы 15 сәуірдегі №88-V ҚР «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Заңын жүзеге асыру мақсатында 2014 жылдың I жартыжылдығында облыс, қала, аудан мұрағаттарына 5777 сұраныс түскен. Оның ішінде ЭҮП арқылы – 1539, ХҚКО арқылы – 3172, баламалы негізде тікелей мұрағат мекемесінде 1066 сұраныс орындалды.

Қазіргі уақытта, мұрағат мекемелерінің жауапты мамандары ЭҮП арқылы түсетін өтініштер санын көбейту, ал ХҚКО арқылы және баламалы негізде түсетін өтініш санын азайту мақсатында халық арасында БАҚ арқылы және ауызша түрде үгіт-насихат жұмыстарын жүргізіп келеді.

**Р.ТІЛЕПОВА,**
**Қызылорда облысының мемлекеттік мұрағаты директорының орынбасары.**

# БАЛҒЫНДАРҒА БАЗАРЛЫҚ

**“Бегім ана” балабақшасында облыстық тілдерді дамыту басқармасының мұрындық болуымен Қазақстан тілдерінің күні мерекесіне орай “Тілді сүю – талбесіктен” атты акциясы болып өтті.**



Шараның негізгі мақсаты – мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру, қолданыс аясын кеңейту, және бүлдіршіндердің ана тіліне деген құрметін арттыру, тіл байлығын жетілдіре отырып, ой-өрістерін дамыту.

Жиынды облыстық тілдерді дамыту басқармасының басшысы Ә.Жарылқағанов ашып, балабақша тәрбиеленушілері мен тәрбиешілерді, ата-аналарды және шараға қатысушы қонақтарды айтулы мерекелерімен құттықтап, лебізін білдірді. Тәрбиенің бастауы – балабақша. Сондықтан да мектепке дейінгі ұйымдармен жұмыс жасауды күшейтіп, олармен үнемі тығыз қарым-қатынаста болу керек дегенді алға тартты.

Одан әрі көрнекіліктермен безендірілген сахнада балғындар ұлттық нақыштағы киімдерді киіп, концерттік бағдарламаларын бастады. Түрлі тақырыптағы сахналық қойылымдар қойып, батырлар биін биледі. Енді бірі ана тілі туралы өлең шумақтарын жатқа айтып, ән жырдан шашу шашты.

Сондай-ақ, акция барысында қаладағы “Алтын кілт”, “Алтын ұя”, “Қызғалдақ”, “Балапан”, “Ер Тарғын”, “Ер Төстік” сынды балабақша ұжымдарына облыстық тілдерді дамыту басқармасының атынан оқу әдістемелік кітаптар мен балалардың ой-өрісін дамытуға арналған түрлі тақырыптардағы кітаптар, балғындардың танымдық дүниесін кеңейтуге арналған электронды оқулықтар, дидактикалық құралдар, ертегі жинақтары мен балабақша әдіскерлеріне арналған аудио жинақтарын, әдістемелік құралдары табысталды.

Мұнан кейін шараға қатысушылар “Жетім және ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған балалар үйінде” болып, игі бастама одан әрі жалғасын тапты. Онда мектеп табалдырығын аттаған бүлдіршіндер мен дайындық курсына баратын балаларға мектепке қажетті оқу құралдары салынған сөмкені табыстады. Балғындардың қуанышында шек болмады. Олар аға, әпкелеріне өздерінің жүрекжарды сөздерін арнап, алғыстарын жеткізді.

Шара соңында балабақша меңгерушілері айтулы мереке қарсаңында осындай ұтымды акцияны ұйымдастырған облыстық тілдерді дамыту басқармасының ұжымына алғыстарын білдірді.

**Сара ҚОРҒАНБАЙҚЫЗЫ.**

# ЕҢБЕК ЕТКЕНДІ ЕЛ ҚҰРМЕТТЕЙДІ

**Облыстағы үкіметтік емес ұйымдар жұмысын бүгінгі кейіпкеріміздің есімімен байланыстырып жатамыз. Олай болуы заңды да. Өңірімізде үшінші сектордың пайда болуында, оның қалыптасуына Дариха Ақмағамбетқызының еңбегі зор. Еңбек дегеннен шығады, кейіпкеріміздің бүгінге дейінгі мемлекеттік, одан кейінгі қоғамдық салада қызмет атқарған жылдарын қосқанда барлығы елу жылға жуықтайды. Ендеше, Азаматтық Альянс құрылып, жұмыс істеп келе жатқан соңғы сегіз жыл апайдың еңбек өтілінің азғантай ғана бөлігі болып шығады. Кейінгі жас ұрпақ болмаса, аға ұрпақ өкілдері бұл жағдайдан толық хабардар. Олай деп толық сеніммен айтуға болады. Өйткені, Дариха Ақмағамбетқызы бірнеше ондаған жылдардан бері жұртшылықтың көз алдында келе жатыр. Десек те, ол кісінің өмір жолына қысқаша шолу жасап кетелік.**

Арал ауданының Бөген ауылындағы орта мектепті 1960 жылы бітіріп, сол жылы Қызылорда педагогикалық институтының филология факультетінің студенті атанады. Төрт жылдан кейін орыс тілі және әдебиеті пәнінің мұғалімі атанған ол министрлік жолдамасымен Шымкент облысының Сайрам ауданына орта мектептің мұғалімі болып еңбек жолын бастады. Екі жылдан кейін Қызылордаға қайтып оралғанда бірден комсомол қызметіне шақырту алады. Осылайша 1966-1973 жылдары Сырдария аудандық комсомол комитетінің хатшысы, облыстық комсомол комитетінің бөлім меңгерушісі, хатшысы қызметін атқарды. Алғырлығымен, белсенділігімен көзге түскен жас кадрды облыстық партия комитеті өз шешімімен 1973 жылы Алматы партия мектебіне оқуға жібереді. Оны 1975 жылы үздік бітірген Дариханы жергілікті басшылық Қызылорда қалалық партия комитетінің нұсқаушысы қызметіне тағайындайды. Міне, осыдан кейін қызмет жолы облыстық партия комитетінде нұсқаушы, Жалағаш партия комитетінің екінші хатшысы, Қызылорда облыстық партия комитетінің инспекторы, Қызылорда партия комитетінің хатшысы болып жалғасты. Еліміз тәуелсіздікке ие болған жылы Қызылорда қаласы әкімінің орынбасары еді. Ол кез туралы Дариха Ақмағамбетқызы былайша еске алады.

– Әрине, әрбір қазақстандықтың тағдыры өз елінің тағдырымен сабақтас болып келеді. Менің де тағдырым солай. 1992 жылы қала әкімінің орынбасары болып бекітілдім. Бұл үлкен өзгерістер уақыты еді. Барлық нәрсе – қарым-қатынас, мемлекеттік органдардағы жұмыс тәсілі, ең бастысы, құндылықтар, идеалдар, адамдардың сана-сезімі, көзқарасы өзгеріп жатты. Өйткені, тұрмысымызға нарықтық қатынастар ене бастады, адамдар үшін басты құндылық ақша, материалдық байлық болды. Ал, коммунизм құрылысшыларының моральдық кодексімен тәрбиеленгендер үшін бұны қабылдау өте қиынға соқты. Бұл жағдайда бізді жігерлендірген нәрсе Қазақстанның тәуелсіз ел атануы еді. Еліміздің өзге мемлекеттер секілді әлемдік қауымдастықтың тең дәрежелі мүшесі болуы қанаттандырды. Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың ұлы державалар басшыларымен тең жағдайда кездесулер өткізіп, әлемдік проблемалар бойынша маңызды шешімдер шығаруға атсалысқанын көріп бойымызды мақтаныш сезімі кернеді. «Тәуелсіздік» деген сөздің ұғымына терең бойлаған сайын ерекше рухани сезімге кенеледі екенсің.

Өтпелі кезеңнің өзіндік қиындықтары жеткілікті еді. Үлкен өндірістік орындар жұмыстарын қысқартты, тіпті тоқтап қалды. Облыс орталығындағы белгілі кәсіпорындар – тігін фабрикасы, ЦКЗ, тоқылмайтын маталар комбинаты, құрылыс мекемелері жабылды. Жұмыссыздар саны артты. Зейнетақы кешеуілдеп жатты. Бюджеттік мекемелер



қызметкерлері бірнеше айлап жалақы көрмеді. Осындай қиындықтар болып жатса да халық шыдамдылық таныта білді. Толкулар, шерулер болған жоқ. Ерте ме, кеш пе бұл қиындықтар шешімін табатынын түсінді.

Кейіпкеріміз сол уақыттағы тұрғындардың белсенділігін жылылықпен еске алады. Партиялар, қоғамдық ұйымдар құрылып жатты. Қоғам мүшелерінің табандылығының арқасында республикада мемлекеттік тіл туралы, яғни Қазақ тілі туралы заң қабылданды. Заңға сүйеніп, қазақ тілі мәртебесін көтеру бағытында көп жұмыстар жасалды. «Қазақ тілі» қоғамы құрылды. Көше атаулары өзгертіліп, оларға тәуелсіздігіміз бен ұлттық құндылықтарымызға, ана тілімізге байланысты жаңа атаулар берілді. Ең алғаш Восстание көшесі 1968 жылғы желтоқсан оқиғаларына байланыстырылып, Желтоқсан болып аталды. Одан кейін Войтинцев атауы Бостандық болып ауысса, Коммунистік даңғылына Абай есімі берілді. Ал оған дейін ұлы тұлғаның есімімен қысқа бір көше ғана аталған еді.

Мерекелер де жаңаша аталып өте бастады бұл уақытта. Наурыз, 1 мамыр мерекесі нағыз халықтық мерекелерге айналды. Оларды атап өтуге қала әкімдігінен мардымсыз ғана қаржы бөлінетін. Мәселен, 1993 жылы Наурызды атап өтуге бар болғаны 17 мың теңге бөлінді. Әйтсе де, мерекені кең көлемде атап өтуге тұрғындардың өздері белсене атсалысты, кәсіпкерлер көмегін көрсетті. Міне, осындай қызық та қиындығы мен жауапкершілігі мол жұмыстар Дариха Ақмағамбетқызының тікелей басшылығымен жүзеге асып жататын.

Дариха апаймен кездесер алдында осы жолдардың авторы ол кісі туралы біраз ақпараттар жинастырған болатын. Сонда облыстық әйелдер кеңесін басқарған кезінде олардың қоғамдағы, билік органдарындағы мәртебесін көтеру бағытында көп нәтижелерге қол жеткізгенін естіп білдім. Мәселен, 1999 жылы өткен баламалы сайлау қарсаңында «неге әйелдер сайлауға түспеске?» деген мәселе көтереді. Депутат әйел қоғам үшін ер адамдардан артық болмаса кем пайда әкелмейді. Осылайша, облыстық әйелдер кеңесінің шешімімен қыз-келіншектер өздерінің кандидатураларын Парламентке, облыстық мәслихатқа ұсына бастады. Оған дейін облыстық мәслихатта әйел депутаттар бірлі-жарым болса, Парламентте Сыр өңірінен нәзікжандылар өкілдері жоқ еді. Сол жылы сайлауда Парламентке Қызылорда облысынан Бақыт Көпенова, ал облыстық мәслихаттың депутаты болып алты әйел сайланды. Солардың бірі облыстық әйелдер кеңесінің төрайымы еді.

Кейіпкеріміз мемлекеттік қызметтен 1997 жылы күш-қуаты мен тәжірибесі молайған шағында кеткен еді. Көпшілікті бұл жағдайдың себебі қызықтырары анық. Ол туралы Д.Ақмағамбетованың өзіне сөз берейік.

– Мен 1992-1996 жылдар аралығында қала әкімінің орынбасары қызметін атқардым. Ол жылдары марқұм Әбдіржан Қалыбаев, одан кейін Жарылқасын Шәріпов қала басшысы болды. Қаланы басқару оңай емес еді. Қала бюджетінің мүмкіндігі өте аз. Бірақ соның өзінде қалада бірде-бір мектеп жабылған жоқ. Тек типтік емес ғимаратта орналасқан бір-екі бала бақша жабылды. Ол уақытта мектепті, бала бақшаны жабу деген ақылға сыймысыз нәрсе болатын. Ондай жағдайлар бізден кейін оңтайландыру кезеңінде басталды. Жаңадан салынған, типтік ғимаратта орналасқан, балалар үшін барлық жағдайлар қарастырылған бақшалар жабылып жатты. 1997 жылдың басында қала басшысы ауысты. Ол кезде өзінің командасымен жұмыс істеу қалыптасты. Мен жаңа командаға енген жоқпын, сол себепті ҚМУ жанындағы «Қабілет» мектеп-гимназиясының директорлығы лауазымы ұсынылды. Мен ол ұсынысты қабыл алғаныма өкінбеймін. Ол тәуелсіздік кезінде жаңа типте ашылған алғашқы ақылы білім ошақтарының бірі болатын. Тоғыз жылдай басшылық жасаған кезімде мектеп жылданжылға дамып, білім беру жүйесінде лайықты орнын тапты.

«Қызылорда облысының Азаматтық Альянсы» ассоциациясына басшылыққа келгенде Дариха Ақмағамбетқызының қоғамдық жұмыстардағы тәжірибесі де молайған шағы еді. Оған дейін Жалағаш ауданының, Қызылорда қаласының, одан кейін облыстың әйелдер кеңесінің төрайымы болды. Сол қоғамдық жұмысты атқарып жүріп 2005 жылы Қазақстанның II Азаматтық форумына делегат болып барды. Сол форумда Елбасы ұсынысымен Қазақстанның Азаматтық Альянсы құрылды. Ондағы басты мақсат елімізде азаматтық қоғам ұйымдарын құрып, үкіметтік емес ұйымдардың жұмысын үйлестіруді көздеді. Көп ұзамай, 2006 жылдың қаңтарында "Қызылорда облысының Азаматтық Альянсы" құрылды. Оның басшысы жаңа әрі қызықты, ең бастысы, қоғамға қажетті бағыттағы жұмысқа да әдеттегідей жанын сала кірісіп кетті. Жалпы, Азаматтық Альянс билік пен халықтың арасын байланыстыратын, әлеуметтік салада әріптес ретінде үкіметтік емес ұйымдардың жұмысын үйлестіретін құрылымдардың бірі. Осы жылдар аралығында «Қызылорда облысының Азаматтық Альянс» ассоциациясы өңірдің қоғамдық-саяси кеңістігінде өз орнын тапқан, қоғам тарапынан толық мойындалып, қалыптасқан құрылымға айналды.

Жыл сайын Қызылорда облысының әкімдігі, «Қызылорда облысының Азаматтық Альянсы және «Игілік» корпоративтік қоры арасында өзара ынтымақтастық пен әріптестік меморандумдарына қол қойылып, соның нәтижесінде көптеген жұмыстар атқарылып келеді.

Аймақтың азаматтық қоғам институттарының ықпалымен Сыр еліндегі көптеген өзекті мәселелер оң шешімін тапты. Қысқасы, үкіметтік емес ұйымдар облыстың еңсесін тіктеп, қарышты қадаммен дами түсуіне сүбелі үлесін қосып келеді. Осыдан екі жыл бұрын Қызылорда облысының ассоциациясының жұмысын бүкіл республикаға үлгі етіп, басқа өңірлерді осылай жұмыс істеуге шақырды. Әрине, бұл жетістіктерде Дариха Ақмағамбетқызының лайықты үлесі бар екені белгілі.

Міне, осындай нәтижелі жұмыс атқарып келген Дариха апамыз ассоциацияның жұмысын өткізді. Азаматтық Альянс жұмысын қабылдап алған Әлима Әбдіқалықованың жұмысты жаңа деңгейге көтеретініне сенімі мол.

– Ендігі уақытты өзіме арнағым келеді, – дейді бұл жөнінде ол бізбен әңгіме барысында, – балаларыммен мен немерелеріммен бірге болып, қалаған ісіммен айналысссам деймін. Аллаға шүкір, өткен өміріме өкінбеймін, бақытты ғұмыр кешіп келе жатқан жандардың бірімін деп есептеймін. Қызылордаға рахмет айтамын. Мен осы қалада барлық мүмкіндіктерімді жүзеге асыра алдым деп санаймын. Осында білім алдым, қызметке араластым. Жақсы азамат кездестіріп, отбасын құрдық. Жолдасым Ақмұрат Мадияров құрылыс саласында басшылық қызметтер атқарды. Ұлым, қызым және бес немерем бар. Ел үшін, қоғам үшін еткен еңбегім еленді. Үш медаль, Қазақстан Республикасының Құрмет Грамотасы, Президенттің Алғыс хаты, «ҚР білім беру ісінің құрметті қызметкері» белгісі, облыс әкімінің «Үздік азаматтық қоғам өкілі» номинациясының берілуі соның айғағы. Тәуелсіздік алғаннан бері әйелдер арасында алғашқы болып «Қызылорда қаласының Құрметті азаматы» атағына ие болдым. Республиканың, облыстың қоғамдық ісіне араласа жүріп, көптеген маңызды шараларға, съездер мен форумдарға қатыстым. ҚР Президентін ұлықтау шарасына қатысу құрметіне ие болдым. Облыстың бүгінге дейінгі барлық басшылары сыйлап құрметті, жұмысыма әркез қолдау жасап отырды. Сол үшін бәріне рахмет айтамын. Азаматтық Альянсқа қарасты барлық ҮЕҰ өкілдері шығарып салу рәсімін жасап, сый-құрмет көрсетті. Оларға ізгі тілектерімді арнаймын.

Дариха Ақмағамбетқызының бұлайша шешіліп сөйлеуінің өзіндік сыры бар. Өйткені, Астана қаласына қоныс аударып бара жатыр.

– Қызылордамен байланысты үзбеймін, келіп тұрамын. «Отау ТВ» арқылы және басылымдардан Сырдағы жаңалықтардан хабардар болып отырамын. Осы елдің тілеуқоры бола беремін.

Біз де өз кезегімізде Дариха апайға ақжол айтып, қайда жүрсеңіз де аман болыңыз, ағай екеуіңіз ұрпақтарыңыздың қызығын көріңіздер деген тілегімізді жеткіздік.

**Ыдырыс ТӘЖІҰЛЫ.**

# 2014 ЖЫЛДЫҢ 12 ҚЫРКҮЙЕГІНЕ ДЕЙІНГІ ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫ БОЙЫНША БОС ЖҰМЫС ОРЫНДАРЫ ТІЗІМІ

| | Мекеме атауы | Вакансия | саны | Мекеме мекен-жайы |
|---|---|---|---|---|
| 1 | «Қызылорда су жүйесі» МКК | газоэлектродәнекерлеуші | 3 | Желтоқсан 156, 23-00-42 |
| | | жүргізуші | 3 | |
| | | Экскаватор машинисі | 1 | |
| | | ЭО-33211А экскаватор машинисі | 1 | |
| 2 | «Теплотехникс-2» ЖШС | инженер-жобалаушы | 1 | Бейбітшілік н/з Тел. 25-93-68, 40-03-79 |
| | | инженер КИП и А жүйе технигі | 1 | |
| | | инженер-технолог | 1 | |
| | | автокөлік жөндеу слесарі | 1 | |
| 3 | «Керемет Сауда» ЖШС | Жүк тиеуші | 5 | Шымбай № 107 22-42-10 |
| | | экспедитор | 5 | |
| | | оператор | 1 | |
| | | сатушы | 1 | |
| | | қойма меңгерушісі | 1 | |
| 4 | «Гелиос» ЖШС | инженер КИП и А | 1 | Желтоқсан н/з тел. 26-33-12 |
| | | өрт қауіпсіздігінің инструктор-технигі | 1 | |
| | | Мұнай базасына еден жуушы | 1 | |
| | | АЗС операторы | 1 | |
| | | АЗС кассир-операторы | 1 | |
| 5 | «Республикалық ветеринарлық зертхана» | химик-аналитик | 1 | Панфилов 80, 30-33-86 |
| 6 | «Латона» ЖШС | Тас қалаушы | 5 | Бұқарбай батыр, 41 24-03-03 |
| | | бетоншы | 5 | |
| | | сылақшы-сырлаушы | 5 | |
| | | электрик | 2 | |
| | | жұмысшы | 10 | |
| | | электр-газ дәнекерлеуші | 3 | |
| 7 | «Браунис Казахстан» ЖШС | аспаз-салатшы | 1 | Бегім ана, 8/6 87018735561, 87059524326, 87029334326, 26-31-62 |
| | | Еден жуушы | 5 | |
| | | Ыдыс жуушы | 3 | |
| | | Пицца пісіруші | 3 | |
| | | Бармен | 4 | |
| | | Сатушы | 8 | |
| | | Кассир | 4 | |
| | | кондитер | 10 | |
| | | даяшы | 5 | |
| | | Ас таратушы | 5 | |
| 8 | «МаРСАМ» ЖШС | Бөлімше басшысы | 1 | «Шұғыла» м/а, 3/1 24-59-57 |
| | | ПТО инженер | 1 | |
| | | прораб | 5 | |
| | | Тас қалаушы | 25 | |
| | | Кафель қалаушы | 20 | |
| | | бетоншы | 10 | |
| | | левкасшы | 5 | |
| | | жұмысшы | 15 | |
| 9 | Қызылорда облысы бойынша экология департаменті | Оргтехника жөндеу маманы | 1 | Желтоқсан, 150, 23-00-18 |
| | | инженер-приборист | 1 | |
| 10 | «Best-Авто» ЖШС | автосырлаушы | 2 | «Сырдария» 2а, 21-22-01 |
